

Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 желтоқсанда № 17948 болып тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 90) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Орта білім беру үйымдарында оқитындарды тамақтандыруды үйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру үйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбие алатын және оқитын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 717 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12788 болып

тіркелген, 2016 жылғы 25 қантарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Орта білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру үйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығының қалған балаларға білім беру үйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 717 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2017 жылғы 22 акпандағы № 76 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14956 болып тіркелген, 2017 жылғы 21 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кесіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

E. Сагадиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сактау министрі

2018 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

2018 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

2018 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2018 жылғы 31 қазандағы

№ 598 бұйрығымен

бекітілген

**Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 25.12.2023 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) мемлекеттік орта білім беру үйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының

қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу тәртібін белгілейді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қағидаларда мынадай үйымдар пайдаланылады:

1) әлеуетті өнім беруші – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер, занды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);

2) конкурстық құжаттама – конкурсқа қатысуға өтінімді дайындау үшін конкурсты үйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге ұсынатын және конкурсты өткізу шарттары мен тәртібін қамтитын құжаттар;

3) конкурсты үйымдастырушы (тапсырыс беруші):

мемлекеттік орта білім беру үйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру үйымдарында – орта білім беру үйымы, мектептен тыс қосымша білім беру үйымы бухгалтерлік есепті дербес жүргізбеген жағдайда, орта білім беру үйымы, мектептен тыс қосымша білім беру үйымы не білім беруді басқару органы не орта білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заң) сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу арқылы жүзеге асырылған жағдайда, облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы не облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша орган;

мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында – мектепке дейінгі үйым, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру үйымы, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру үйымы, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымы немесе білім беруді басқару органы не облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша орган;

4) Қазақстан Республикасының резиденттері – шет мемлекетте тұрақты тұру құқығына сол мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген құжаты бар азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтары, оның ішінде шетелде уақытша жүрген немесе оның шегінен тыс жерлерде мемлекеттік қызметте жүрген азаматтары;

Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығына құжаты бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, оның аумағында орналасқан заңды тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлерде орналасқан олардың филиалдары мен өкілдіктері;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан дипломатиялық, сауда және өзге де ресми өкілдіктері;

5) қаржы жылы – ағымдағы жылғы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталатын уақыт аралығы;

6) көрсетілетін қызмет көрсетушіні таңдау өлшемшарттары – әлеуетті өнім берушінің қызмет көрсетуі бойынша мүмкіндіктері мен жағдайларын бағалау негізінде жүргізілетін белгілер;

7) құжаттың электронды көшірмесі – түпнұсқа құжаттың түрін және ақпаратты (деректерді) электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;

8) мемлекеттік-жекешелік әріптестік – мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптес арасындағы "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" заңда (бұдан әрі – Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заң) айқындалған белгілерге сәйкес келетін ынтымақтастық нысаны;

9) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру шеңберінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты тараптарының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының өзге де талаптары айқындалатын жазбаша келісім;

10) бірыңғай сатып алу платформасы (бұдан әрі – веб-портал) – мемлекеттік сатып алудың және "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесі;

11) көрсетілетін қызметтерді, тауарларды сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) – тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында веб-портал арқылы жасалған, электрондық цифрлық қолтаңбалармен қуәландырылған азаматтық-құқықтық шарт;

12) орта білім беру үйімі – бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асyrатын білім беру үйімі;

13) Қазақстандық тауар өндірушілерді, қызмет көрсетушілерді қолдау – Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 17-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстанда шығарылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің өндірісін дамытуды ынталандыру үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі шаралар;

14) өнім беруші – қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт жасасқан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер, заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);

15) сатып алудың сәйкестендіру коды – сатып алудың барлық кезеңдері туралы ақпарат қамтылған, әрбір сатып алуға (лотқа) берілетін сәйкестендіру нөмірі;

16) электрондық әмиян – конкурсқа қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуге байланысты есептік операцияларды жүзеге асыруға арналған, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың банктік шотында орналастырылатын, әлеуетті өнім берушінің жеке шоты;

17) мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор – мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган айқындаған, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалғыз меншік иесі мемлекет болып табылатын заңды тұлға.

**Ескерту. 2-тармақта өзгерістер енгізілді - КР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.07.2025 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

2-1. Қағидалар шенберінде мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану (қолжетімділік) жөніндегі қызметті мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор көздеген тарифтерге сәйкес ақылы негізде мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор көрсетеді.

**Ескерту. 1-тaraу 2-1-тармақпен толықтырылды - КР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-тaraу. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібі**

3. Тамақтандыруды ұйымдастыру:

1. Орта білім беру ұйымдарында:

1) білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды конкурстық негізде сатып алу арқылы жүзеге асырылады;

2) мектеп асханасының жабдығы болмаған және/немесе тозған жағдайда жаңа жабдыққа ауыстыру мақсатында орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңға және осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады;

3) мектеп асханасында жабдықтар, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келетін тиісті жағдайлар болған кезде –жергілікті атқарушы органдардың шешімі негізінде асхана менгерушісі, аспаз, ас үй қызметкері лауазымдары енгізген кезде

конкурстың негізде білім алушылардың тамақтануын үйымдастыру бойынша тауарларды сатып алу;

4) орта білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету жолымен жүзеге асырылады.

## 2. Мектептен тыс қосымша білім беру үйымдарында:

тамақтандыруды үйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды конкурстың негізде сатып алу жолымен жүзеге асырылады.

### **1-параграф. Конкурстың негізде білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды сатып алу**

4. Конкурстың негізде білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды сатып алу мынадай дәйекті іс-қымылдарды орындауды көздейді:

1) егер конкурсты үйымдастырушы тапсырыс берушінің өзі болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті және (немесе) тауарларды сатып алу жоспарын әзірлеу және бекіту – конкурсты үйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін тапсырыс берушінің көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алудың жылдық жоспарының (көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алудың алдын ала жылдық жоспарының) тармақтарын веб-портал арқылы жіберуі;

2) конкурстың комиссияның құрамын қалыптастыру және бекіту, конкурсты үйымдастырушы өткізген жағдайда, конкурстың комиссияның құрамына тапсырыс берушінің қызметкерлерін енгізу міндettі емес;

3) конкурстың құжаттаманың жобасын бекіту;

4) өнім берушіні таңдау рәсімін жүзеге асыру туралы хабарландыруды, сондай-ақ конкурстың құжаттаманың жобасының мәтінін веб- порталда орналастыру;

5) конкурстың құжаттаманың жобасын веб- портал арқылы алдын ала талқылау және конкурстың құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын, сондай-ақ конкурстың құжаттаманың мәтінін веб- порталда орналастыру;

6) әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерді электрондық құжат нысанында ұсынуы және оларды веб- порталда автоматты түрде тіркеуі;

7) өтінімдерді автоматты түрде ашу және тиісті ашу хаттамасын веб- порталда орналастыру;

8) конкурстың комиссияның веб- портал арқылы әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін олардың біліктілік талаптарына және конкурстың құжаттама талаптарына сәйкестігі түрғысынан қарауы;

9) біліктілік талаптарына және конкурстың құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді анықтау және оларды конкурсқа қатысушылар деп тану;

10) конкурс женімпазын, сондай-ақ екінші, үшінші, төртінші және одан әрі кезектілік тәртібімен орын алған әлеуетті өнім берушіні анықтау және сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы веб-порталда орналастыру;

11) конкурс қорытындылары туралы хаттама негізінде тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының женімпазбен шарт жасасуы.

5. Конкурстың құжаттамада не орналастырылатын ақпаратта әлеуетті өнім берушілерге сандық жағынан өлшенбейтін және (немесе) әкімшілендірілмейтін кез келген талаптарды белгілеуге не сатып алынатын қызметтердің, тауарлардың жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиесілігін айқындайтын сипаттамаларды көрсетуге жол берілмейді.

6. Қызметті және (немесе) тауарларды сатып алуды ұйымдастырушының немесе тапсырыс берушінің қызметті немесе тауарларды сатып алудың бекітілген жоспары негізінде конкурсты ұйымдастыруши жүзеге асырады.

7. Тапсырыс беруші немесе, егер тапсырыс беруші мен конкурсты ұйымдастыруши бір тұлға болған жағдайда, конкурсты ұйымдастыруши тиісті бюджет бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметтерге және (немесе) тауарларға қажеттілік негізінде қаржы жылына арналған көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алу жоспарын әзірлейді және бекітеді.

8. Тапсырыс беруші немесе, егер тапсырыс беруші мен конкурсты ұйымдастыруши бір тұлға болған жағдайда, конкурсты ұйымдастыруши көрсетілетін қызметті және (немесе) тауарларды сатып алу жоспары бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны веб- порталда орналастырады.

Тапсырыс беруші ұйымдастырушиға конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін ақпарат пен құжаттарды ұсынады.

9. Көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тапсырыс берушінің немесе, егер тапсырыс беруші мен конкурсты ұйымдастыруши бір тұлға болса, конкурсты ұйымдастырушының бюджетіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда жүзеге асырылады.

Тапсырыс беруші немесе, егер тапсырыс беруші мен конкурсты ұйымдастыруши бір тұлға болған жағдайда, конкурсты ұйымдастыруши көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды веб- порталға орналастырады.

10. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін ұйымдастыруши конкурстың комиссияны бекітеді және конкурстың комиссияның хатшысын айқындайды.

11. Конкурстық комиссия құру және конкурстық комиссияның хатшысын айқындау туралы шешімді ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға қабылдайды.

12. Конкурстық комиссия конкурсты ұйымдастырушының бүйрығымен құрылады және комиссия мүшелерінің тақ санынан, бірақ кемінде бес адамнан тұрады.

Конкурстық комиссияның мүшелері өтінімдерді қарайды және комиссияның жоқ мүшелерін ауыстырусыз дауыс беруге қатысады.

13. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссияның құрамына келісім бойынша веб-порталда тіркелген жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін енгізеді.

14. Конкурстық комиссияның тәрағасы болып ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасарынан не бірінші басшының немесе оның орынбасарының міндетін атқарушы тұлғадан төмен емес лауазымды адам айқындалады.

Конкурстық комиссияның тәрағасы болмаған жағдайда конкурстық комиссия тәрағасының кандидатурасы қайта бекітіледі. Бұл ретте, конкурстық комиссияның тәрағасы болып бірінші басшының орынбасарынан төмен емес лауазымды адам, ал ол болмаған жағдайда бірінші басшы айқындалады.

15. Конкурстық комиссияның тәрағасы конкурстық комиссияның қызметіне жетекшілік жасайды және осы Қағидаларда көзделген функцияларды жүзеге асырады.

16. Конкурстық комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап әрекет етеді және шарт жасалған күні өз қызметін тоқтатады.

17. Конкурстық комиссияның отырысы, егер оған конкурстық комиссия мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, алмастыру құқығынсыз заңды болып табылады. Конкурстық комиссия мүшелерінің бірі болмаған жағдайда, конкурстық комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі көрсетіледі.

18. Конкурстық комиссияның ұйымдастырушылық қызметін конкурстық комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды және конкурстық комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беруге қатыспайды.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурсты ұйымдастырушы болып табылатын, конкурсты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты органның немесе ұйымның лауазымды адамдарының арасынан айқындалады.

19. Конкурстық комиссияның хатшысы:

1) конкурстық құжаттаманы қалыптастырады және веб-порталға орналастырады;

2) веб-порталда конкурс өткізу туралы хабарландыруды, конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын, конкурс қорытындылары туралы хаттаманы, сондай-ақ олар болған жағдайда басқа да құжаттарды орналастырады;

3) осы Қағидаларда көзделген функцияларды жүзеге асырады.

20. Конкурсты ұйымдастырушы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Өнім берушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға (бұдан әрі –

Үлгілік конкурстық құжаттама) сәйкес конкурстық құжаттаманы өзірлейді және бекітеді, ол мыналарды қамтиды:

1) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушылар санаттарының тізбесі, тауарларды жеткізушіні таңдау кезінде - Үлгілік конкурстық құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынатын тауарлардың тізбесі;

2) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес өнім берушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма.

Қызмет берушіні таңдау кезінде білім беру органы бекіткен техникалық тапсырмаға өнім берушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттаманың жобасына:

"Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына, "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26866 болып тіркелген), "Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21857 болып тіркелген), "Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 503 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14674 болып тіркелген) бұйрықтарына сәйкес келетін тағамдардың атауын, тағам порциясының граммен, тағам ингредиенттерімен (граммени) массасын, бағалар мемлекеттік сатып алу веб-порталында тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалардың дерекқорына, статистика жүргізу жөніндегі уәкілетті органның мәліметтеріне сәйкес бірлік үшін орташа баға ескеріле отырып тағамдар мен өнімдердің бағасын көрсете отырып, білім беру органы бекіткен перспективалық тарату-мәзірі;

бағалар мемлекеттік сатып алу веб-порталында тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалардың дерекқорына, статистика жүргізу жөніндегі уәкілетті органның мәліметтеріне сәйкес бірлік үшін орташа баға ескеріле отырып тағамдар мен өнімдердің бағасын көрсете отырып, тапсырыс беруші бекіткен тағамдардың, буфет өнімдерінің, оның ішінде шырындардың, сусындардың және басқаларының ассортименттік тізбесі;

перспективалық тарату-мәзіріне және буфет өнімдерінің ассортименттік тізбесіне сәйкес тағамдардың технологиялық карталары қоса беріледі.

3) Үлгілік конкурстың құжаттамаға 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін конкурсқа қатысуға өтінім;

4) төмендегі есеппен бар екендігін растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, үлгілік конкурстың құжаттамаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер:

150-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 1 аспаз, 1 ас үй жұмысшысы;

151-ден 350-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 1 аспаз, 2 ас үй жұмысшысы;

351-дан 650-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 1 аспаз, 3 ас үй жұмысшысы;

651-ден 1300-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 2 аспаз, 4 ас үй жұмысшысы;

1301-ден 2500-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 3 аспаз, 5 ас үй жұмысшысы;

2501 және одан да көп білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 4 аспаз, 7 ас үй жұмысшысының болуы туралы растайтын құжаттардың көшірмелерін;

5) Үлгілік конкурстың құжаттамаға 7, 8-қосымшаларға сәйкес қызметтерді немесе тауарларды жеткізушіні таңдау өлшемшарттары;

6) Үлгілік конкурстың құжаттамаға 9-қосымшаға сәйкес Қызмет көрсету туралы үлгілік шарт және 10-қосымшаға сәйкес Тауарларды жеткізу туралы үлгілік шарт.

21. Конкурс орта білім беру ұйымы конкурсты ұйымдастыруши болып табылмайтын жағдайда білім беру ұйымдары бойынша лоттарға бөле отырып (1 лот – 1 білім беру ұйымы) өткізіледі.

Егер тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті берушіні таңдау жөніндегі конкурсты ұйымдастыруши білім беру ұйымы болып табылған жағдайда, конкурс лоттарға бөлінбей өткізіледі (1 білім беру ұйымы – 1 өнім беруші).

22. Тауарларды сатып алу кезінде ұйымдастыруши тауарларды лоттарға бөле отырып конкурс өткізу және (немесе) жекелеген тауарларды мынадай топтар бойынша бір лотқа біріктіру туралы шешім қабылдайды: сүт өнімдері, ет өнімдері, көкөністер мен аскөктер, жемістер мен шырындар, балық өнімдері, ұн өнімдері мен жармалар (бүршақ өнімдері), басқа тауарлар.

23. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау, сондай-ақ лоттарға бөлінген жағдайда конкурс жеңімпазын айқындау конкурстың құжаттамада көзделген әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

24. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қарау қорытындылары бойынша айқындалған, біліктілік талаптарына және конкурстың құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысады.

25. Конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім беруші келесі біліктілік талаптарына сәйкес келеді:

- 1) конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырған күннен кейін мемлекеттік кіріс органдарының мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайтын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы;
- 2) банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы;
- 3) материалдық және еңбек ресурстарының болуы.

27. Конкурстық құжаттаманың жобасы бекітілгеннен кейін конкурсты ұйымдастырушы веб- порталда қазақ және орыс тілдерінде конкурстық құжаттаманың жобасын қалыптастырады.

Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың жобасы бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жұмыс құндері Астана қаласының уақыты бойынша сағат 9.00-ден 18.00-ге дейінгі кезеңде веб- порталда осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес конкурс өткізу туралы хабарландырудың мәтінін, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың жобасын орналастырады.

28. Конкурстық құжаттаманы бекітудің міндетті талабы әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылауы болып табылады.

Әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулерді, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға веб- портал арқылы жіберуі мүмкін.

Конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар конкурсты өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде болмаған кезде, конкурстық құжаттама бекітілген болып есептеледі.

Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болған жағдайда, конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) конкурстық құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;
- 2) негіздемелері мен себептерін көрсете отырып, конкурстық құжаттаманың жобасына берілген ескертпелерді қабылдамайды;
- 3) конкурстық құжаттаманың ережелеріне түсінік береді.

Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілердің сұрауларына не ескертулеріне жауап ретінде конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс

күні ішінде конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді және өзгерілген конкурстық құжаттаманы веб-порталда бекіту туралы шешімді осы Қағидалардың 27-тармағымен белгіленген тәртіппен қабылдайды.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген шешімдер қабылданған күннен бастап конкурстық құжаттама бекітілген болып есептеледі.

Ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей веб- порталда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын орналастырады.

Конкурстық құжаттаманың алдын ала талқылау хаттамасы жұмыс күндері жұмыс уақытында (Астана қаласының уақыты бойынша сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін) орналастырылады.

Бұл ретте өтінімдерді қабылдау алдын ала талқылау хаттамасы орналастырылған күннен кейін келесі жұмыс күні (Астана қаласының уақыты бойынша сағат 09.00-ден бастап) жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес конкурстық құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылау хаттамасымен бірге конкурстық құжаттаманың жобасын алған әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, конкурстық құжаттаманың бекітілген мәтінін орналастырады.

Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында конкурстық құжаттаманың жобасына келіп түскен ескертулер және олар бойынша қабылданған шешімдер туралы ақпарат қамтылады.

Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасына конкурстық комиссияның төрағасы қол қояды.

Осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулерді қабылдамау туралы шешім қабылданған жағдайда, оларды қабылдамау себептерінің толық негіздемесі конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

Әлеуетті өнім берушілердің осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес веб-портал арқылы конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулары келіп түскен кезде конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру мәтіні конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

Конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптары жобасының, техникалық ерекшеліктің және шарт жобасының ережелерін түсіндіру мәтіні конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

29. Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін ұсынатын мерзімнің соңғы күні конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау

хаттамасын және бекітілген конкурстық құжаттаманың мәтінін орналастырған күннен бастап кем дегенде құнтізбелік он бес күнді құрайды.

30. Қайта конкурсты жүзеге асырған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде құнтізбелік он күн бұрын конкурсты қайта өткізуге байланысты шартты орындау мерзімін қоспағанда, өтпеген конкурстың конкурстық құжаттамасының өзгермеу шартымен қайта конкурсты жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін веб-порталда орналастырады.

31. Конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап барлық тілек білдірушілерге конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау үшін және алдын ала талқылау нәтижелері бойынша бекітілген конкурстық құжаттаманы веб-портал арқылы тегін алуға мүмкіндік беріледі.

32. Конкурстық құжаттаманы немесе конкурстық құжаттаманың жобасын веб-порталда конкурс өткізу туралы хабарланған сәтке дейін беруге жол берілмейді.

33. Конкурсқа қатысуға өтінім конкурстық құжаттамада көрсетілген оны ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында беріледі және әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада белгіленген шарттарға келісім беру, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің осы Қағидаларда көзделген өнім берушінің таңдау жөніндегі біліктілік және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға келісім білдіру нысаны болып табылады.

34. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушыға ұсынатын конкурсқа қатысуға өтінім конкурстық құжаттамада келтірілген құжаттарды қамтиды.

35. Әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдер автоматты түрде веб- порталда тіркеледі.

36. Веб-портал конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіге тиісті хабарламаны автоматты түрде жіберген кезде конкурсқа қатысуға өтінім қабылданған болып есептеледі.

37. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа, лоттар бойынша бөлінген жағдайда лотқа қатысуға бір ғана өтінім береді.

38. Мынадай жағдайларда әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға құқығы жоқ және әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімін веб-портал автоматты түрде қабылдамайды:

- 1) әлеуетті өнім беруші бұрын осы конкурсқа қатысуға өтінім берген болса;
- 2) конкурсқа қатысуға өтінім веб-порталға осы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін келіп түссе;
- 3) осы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе

жекжаттары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдауға қатысса не өткізілетін конкурстарда тапсырыс берушінің немесе конкурсты ұйымдастырушының өкілі болып табылса;

4) конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің басшысы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптастырылатын Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде (бұдан әрі – Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі), "Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 599 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17766 болып тіркелген) бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің тізбесінде (бұдан әрі – Жосықсыз өнім берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесі) тұрған занды тұлғаларды басқарумен, құрумен, олардың жарғылық капиталына қатысумен байланысты болса;

5) конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің басшысы Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне, Жосықсыз өнім берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесіне енгізілген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылса;

6) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, конкурсқа қатысуға үміткер жеке тұлға болып табылатын әлеуетті өнім беруші Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне, Жосықсыз өнім берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесіне енгізілген әлеуетті өнім берушінің басшысы болып табылса;

7) әлеуетті өнім беруші Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде, Жосықсыз өнім берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесінде тұрса ;

8) әлеуетті өнім берушінің атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болса және оны атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізсе;

9) тиісті қаржы жылына респубикалық бюджет туралы занда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселеген мөлшерінен асатын салық берешегі және міндетті

зейнетақы жарналары, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегі болса;

10) әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса;

11) әлеуетті өнім берушінің баланстық құны тиісті негізгі қаражат құнының он пайызынан асатын мулкіне тыйым салынса;

12) әлеуетті өнім беруші және (немесе) олардың басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты үйымдар мен тұлғалар тізбесіне енгізілсе;

13) банкроттық не тарату рәсіміне жатса.

39. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысу үшін ұсынатын конкурсыңа қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі конкурсыңа қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап кемінде күнтізбелік алпыс күнді құрайды және конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімге сәйкес келеді.

40. Әлеуетті өнім берушінің конкурсыңа қатысуға өтінімді өзгертуі немесе кері қайтарып алуы конкурсыңа қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта жүзеге асырылады.

41. Конкурсыңа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін оны қайтарып алуға жол берілмейді.

42. Әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамаға сәйкес талап етілетін жекелеген құжаттарды ұсынуы мемлекеттік ақпараттық жүйелерге және (немесе) мемлекеттік деректер базаларына жүргіну арқылы не веб-порталды пайдалана отырып, электрондық нысанды толтыру арқылы құжаттарды алу жолымен жүзеге асырылады.

43. Әлеуетті өнім беруші оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін веб- порталда мынадай құжаттарды қамтитын конкурстық өтінімді орналастырады:

1) қолданыс мерзімін көрсете отырып, Үлгілік конкурстық құжаттамаға 4, 5-қосымшаларға сәйкес әлеуетті өнім берушінің қазақ және орыс тілдерінде жасалған конкурсыңа қатысуға арналған өтінімі;

2) әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша немесе қызметтердің немесе тауарларды сатып алу үшін белінген соманың бір пайызы мөлшеріндегі электрондық банк кепілдігі түрінде конкурсыңа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету;

3) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшага сәйкес жеткізуіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма

Қызмет берушіні таңдау кезінде техникалық тапсырмаға өнім берушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға конкурсты үйымдастырушының перспективалық тарату-мәзірі, тағамдардың, буфет өнімдерінің ассортименттік тізбесі, тағамдардың технологиялық карталары қоса беріледі.

4) төмендегі есеппен бар екендігін растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, үлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымшага сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер:

150-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 1 аспаз, 1 ас үй жұмысшысы;

151-ден 350-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 1 аспаз, 2 ас үй жұмысшысы;

351-дан 650-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 1 аспаз, 3 ас үй жұмысшысы;

651-ден 1300-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 2 аспаз, 4 ас үй жұмысшысы;

1301-ден 2500-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 3 аспаз, 5 ас үй жұмысшысы;

2501 және одан да көп білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 4 аспаз, 7 ас үй жұмысшысының болуы туралы растайтын құжаттардың көшірмелерін.

44. Тиынмен есептелген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы дөңгелектенеді. Бұл ретте елу тиыннан кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал елу тиынға тең және одан жоғары сома бір теңгеге дейін дөңгелектенеді.

45. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізу әрбір лотқа жеке немесе әлеуетті өнім беруші қатысатын конкурс лоттарының жалпы сомасына жүзеге асырылады.

Әлеуетті өнім беруші ұйымдастыруышының банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын ұйымдастыруышылар үшін Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілді ақшалай жарна түрінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізген жағдайда, ол кепілді ақшалай жарнаны растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі түрінде ұсынылады. Бұл ретте кепілді ақшалай жарна конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзіміне дейін конкурстық құжаттамада көрсетілген банктік шотқа енгізіледі.

46. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашуды веб-портал конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткен сәттен бастап бес минут ішінде автоматты түрде жүргізеді.

47. Егер конкурсқа (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім берілсе, онда мұндай өтінім де осы Қағидаларға сәйкес ашылады және қаралады.

48. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын веб-портал осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес оларды ашу сәтінде автоматты түрде орналастырады. Бұл ретте веб-портал конкурстық комиссияның мүшелеріне, конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге автоматты түрде хабарлама жібереді.

49. Конкурсты өткізу басталғанға дейін конкурстық комиссияның мүшелері, конкурстық комиссияның хатшысы бекітілген конкурстық құжаттамамен және оның қосымшаларымен танысады.

50. Конкурстық комиссия веб-портал арқылы біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді анықтау мақсатында конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қарайды.

51. Әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі мәніне конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия:

1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, салыстыруды оңайлату үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірмелерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында қажетті ақпаратты сұратады.

52. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты сауал жіберуіне және өзге де іс-әрекеттеріне жол берілмейді.

Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап беретін өтінім ретінде қарайды.

53. Әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарының банкроттық не тарату рәсіміне қатыстылығы бойынша сәйкестігін нақтылау мақсатында конкурстық комиссия банкроттық не тарату рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған ақпаратты қарайды.

54. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашқан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде:

1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындауды, конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) өлшемшарттарды қолданады және есептейді;

3) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес конкурс қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді.

55. Конкурстық комиссияның шешімі веб-портал арқылы дауыс берумен қабылданады және егер оған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санынан конкурстық комиссия мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы конкурстық комиссияның кез келген мүшесі өз пікірін айта алады, ол құжаттың электрондық көшірмесі нысанында веб- порталда орналастырылады.

Конкурстық комиссияның тиісті хаттамаларында конкурстық комиссияның қандай да бір мүшесінің қолы болмаған жағдайда конкурстық комиссияның хатшысы қолдың болмау себебі жазылған құжатты немесе ақпаратты веб-порталда орналастырады.

56. Конкурс қорытындылары туралы хаттама:

1) осы Қағидалардың 51-тармағына сәйкес конкурстық комиссияның сауалдары туралы;

2) бас тарту себептері егжей-тегжейлі сипатталған, оның ішінде олардың біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес еместігін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетілген конкурсқа қатысуға өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы;

3) конкурстық комиссияның өлшемшарттарды қолдануы;

4) конкурс женімпазын, сондай-ақ екінші, үшінші, төртінші және одан әрі кезектілік тәртібімен орындарды иеленген әлеуетті өнім берушіні анықтау туралы ақпаратты қамтиды.

57. Конкурстық комиссия енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді конкурстық құжаттама талаптарына мынадай жағдайларда сәйкес емес деп таниды:

1) электрондық банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі жеткіліксіз болғанда;

2) конкурстық комиссияға анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтердің жоқтығынан көрінетін конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тиісінше ресімделмегендеге:

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді берген тұлғаны;

электрондық банктік кепілдік түрінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін конкурсқа қатысу үшін конкурстың атауы мен нөмірі;

электрондық банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімін және (немесе) конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің сомасын;

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлғаны;

пайдасына конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тұлғаны;

3) конкурстық қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді конкурсқа(лотқа) бөлінген соманың бір пайызынан кем мөлшерде енгізгенде.

58. Ұйымдастыруши әлеуетті өнім берушіге конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) ашу хаттамасын орналастырған жағдайда аталған әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін қайтарып алғанда;

2) конкурс қорытындысы туралы хаттамаға қол қойылғанда. Аталған жағдай конкурс женімпазы деп айқындалған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуettі өнім берушінің шартқа қол қойылғанда және оның шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгенде.

59. Электрондық банктік кепілдік түрінде енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұйымдастыруши мынадай:

1) конкурс жеңімпазы деп айқындалған әлеуettі өнім беруші шарт жасасудан жалтарған;

2) конкурс жеңімпазы шарт жасасып, шартты орындалуын қамтамасыз етуді енгізіп және (немесе) енгізу мерзімдері туралы конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарды орындамаған не тиісінше орындамаған, оның ішінде уақтылы орындамаған жағдайлардың бірі туындаған кезде әлеуettі өнім берушіге қайтармайды.

Электрондық әмиян арқылы енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді бірыңғай оператор бұғаттайды және мынадай:

1) конкурс жеңімпазы деп айқындалған әлеуettі өнім беруші шарт жасасудан жалтарған;

2) конкурс жеңімпазы шарт жасасып, шартты орындалуын қамтамасыз етуді енгізген және (немесе) енгізу мерзімдері туралы конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарды орындамаған не тиісінше орындамаған, оның ішінде уақтылы орындамаған жағдайлардың бірі туындаған кезде әлеуettі өнім берушіге қайтармайды.

Мұндай жағдайларда конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

Әлеуettі өнім берушінің электрондық әмияндағы ақшаның тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

Осы тармақта көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бірыңғай оператордың электрондық әмияндағы ақшаны пайдалануына жол берілмейді.

60. Бірыңғай оператор тапсырыс берушіден өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, егер әлеуettі өнім беруші шарт жасасудан жалтарса немесе шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, әлеуettі өнім берушінің электрондық әмиянынан тапсырыс берушінің өтінішінде көрсетілген шотқа өтінімді қамтамасыз ету бойынша оқшауланған ақшаны аударуды веб-портал арқылы жүзеге асырады.

61. Әлеуettі өнім берушінің электрондық әмиянында орналастырылған ақшаны қайтару туралы талап етуі бойынша бірыңғай оператор осындағы талап түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларға қатысты бұғаттау немесе бұғаттау тоқтатылған, көрсетілген ақшаны қайтарады.

62. Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға веб- порталда конкурстық комиссияның барлық мүшелері қол қояды және конкурстық комиссияның хатшысы

конкурсқа қатысуға өтінім берген барлық әлеуettі өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, оны конкурс қорытындылары туралы шешім қабылданған күні веб-порталда орналастырады.

63. Конкурстық комиссия конкурс қорытындылары хаттамасында енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп тану себебін көрсетеді.

64. Конкурстық комиссия конкурс қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуettі өнім берушіге қатысты Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8-қосымшалардағы өлшемшарттарға сәйкес балл қояды.

Барынша көп балл жинаған әлеуettі өнім беруші конкурс жеңімпазы болып танылады.

Егер конкурсқа конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес өтінімді ұсынған және осы Қағидалардың нормаларына сәйкес келетін бір әлеуettі өнім беруші қатысқан жағдайда, ол конкурс жеңімпазы болып танылады.

65. Егер екі және одан да көп әлеуettі өнім беруші бірдей балл санын жинаған жағдайда, Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаға сәйкес "Қызмет көрсету нарығында соңғы 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі" өлшемшарты бойынша ең көп балл жинаған, Үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес "Тауар нарығындағы соңғы 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі" өлшемшарты бойынша ең көп балл жинаған конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Жұмыс тәжірибесі бойынша балдар саны тең болған жағдайда конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуettі өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрын түскен конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады.

66. Конкурсты ұйымдастырушы:

- 1) ұсынылған өтінімдер болмаған;
- 2) конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуettі өнім беруші жіберілмеген;
- 3) егер аталған өнім беруші конкурсқа жалғыз қатысып, конкурс жеңімпазы шарт жасасудан жалтарған жағдайларда конкурсты өткізілмеді деп таниды.

67. Конкурс өткізілмеді деп танылған кезде конкурсты ұйымдастырушы осы Қағидалардың 30-тармағына сәйкес конкурсты қайта өткізу туралы хабарлайды.

Әлеуettі өнім беруші конкурс қорытындыларына конкурс қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей шағым жасаған кезде веб- порталда конкурсты қайта өткізу туралы хабарландыруды орналастыру шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла түрады.

Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының әлеуettі өнім берушінің шағымын қарау мерзімі шағым беру мерзімі өткен күннен кейін екі жұмыс күнінен аспайды.

**Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - КР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

68. Конкурс жеңімпазы шарт жасасудан жалтарған жағдайда, конкурсқа екі және одан да көп әлеуетті өнім беруші қатысқан кезде конкурстық комиссия көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды жеткізушілерді таңдау өлшемшарттарына сәйкес конкурс жеңімпазынан кейін жиналған балдар саны бойынша келесі әлеуетті өнім берушімен шарт жасасу туралы шешім қабылдайды және екі жұмыс күні ішінде оған веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен қуәландырылған шартты жібереді.

Әлеуетті өнім беруші шартты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шартқа электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

69. Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тапсырыс берушінің үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мақсатында конкурс жеңімпазымен шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда, тікелей шарт жасасу арқылы жұмыс істеп тұрған өнім берушімен шарттың қолданылуын ұзартады.

Өнім беруші шарттың қолданылу мерзімін ұзартудан бас тартқан, өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болған жағдайда, шарт конкурс жеңімпазымен шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге алдыңғы конкурста екінші, үшінші, төртінші және одан әрі кезектілік тәртібімен орын алған әлеуетті өнім берушімен жасалады.

Өнім беруші шарттың қолданылу мерзімін ұзартудан бас тартқан, өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болған, шарт жасасудан бас тартқан немесе алдыңғы конкурста кезектілік тәртібімен екінші, үшінші, төртінші және тағы басқа орын алған әлеуетті өнім беруші болмаған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы тапсырыс беруші тамақтандыруды ұйымдастыру немесе біліктілік талаптарына сәйкес келетін және білім беру ұйымдарында кемінде 2 жыл қызмет көрсету, тауар жеткізу бойынша тәжірибесі бар тауарларды жеткізу жөнінде қызметтер көрсететін өнім берушіні тарту туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте мұндай сатып алу конкурсты өткізу мерзімі ішінде тапсырыс берушінің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті, бірақ екі айдан аспайтын мерзімде осындай көрсетілетін қызметтерді, тауарларды сатып алу көлемінен аспайтын көлемде жүзеге асырылады.

Конкурс қорытындыларына шағым жасалған жағдайда, шарт шағымдану кезеңіне ұзартылады.

**Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - КР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

70. Тапсырыс беруші, конкурсты ұйымдастырушы екі жұмыс күні ішінде тапсырыс берушінің, конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсында қызметті немесе тауарларды жеткізуші туралы ақпаратты орналастырады.

71. Осы Қағидалардың 66-тармағына сәйкес қайта конкурс өткізілмеді деп танылған кезде, конкурсқа тапсырыс беруші біліктілік талаптарына сәйкес келетін және білім беру ұйымдарында кемінде 2 жыл қызмет көрсету, тауарларды ұсыну бойынша тәжірибесі бар тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін өнім берушінің тікелей шарт жасасу арқылы тарту туралы шешім қабылдайды.

Ұйымдастырушы өнім берушінің тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес тапсырыс беруші айқындаған әлеуетті өнім берушігে шақыру жібереді.

Әлеуетті өнім беруші келіскең жағдайда, осы әлеуетті өнім беруші күнтізбелік бес күн ішінде веб-портал арқылы тапсырыс берушігे Үлгілік конкурстың құжаттамаға 7, 8 -қосымшаларға сәйкес жұмыс тәжірибесі туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, қатысу туралы раставу жібереді.

Тапсырыс беруші қатысу туралы раставуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушігे веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландағылған шарттың жобасын жібереді.

Әлеуетті өнім беруші шарттың жобасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шарттың жобасын электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландарады.

72. Әлеуетті өнім беруші:

1) егер ол мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп анықталса:

конкурстың құжаттамаға біліктілік туралы мәліметтерді ұсынбаса, сол сияқты мәліметтерді толық ұсынбаса;

әлеуетті өнім беруші конкурстың құжаттамада көрсетілген шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат беру фактісі анықталса;

2) егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі мынадай негіздер бойынша конкурстың құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

техникалық тапсырманы ұсынбаса;

әлеуетті өнім беруші конкурстың құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық тапсырманы ұсынса, сол сияқты техникалық тапсырмамен талап етілетін құжаттарды ұсынбаса;

конкурстың құжаттаманың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсынбаса;

конкурстың өтінімде ұсынылған құжаттар бойынша дұрыс емес мәліметтерді ұсыну фактісі анықталса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

73. Әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттама жобасына осы Қағидалардың 28-тармағында айқындалған тәртіппен ескертулер берілмеген конкурстық құжаттаманың талаптарына, оның ішінде оларда көрсетілген біліктілік талаптарына жасаған шағымдары қаралуға жатпайды.

Конкурс қорытындылары туралы хаттама веб-порталда орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей шағым жасалған кезде шарт жасасу мерзімі шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатылады. Конкурсқа қатыспаған тұлғалардың шағымы шарт жасасу мерзімін тоқтатпайды.

**Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

74. Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, комиссияның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 93-бабына сәйкес веб- портал арқылы беріледі.

**Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

75. Шағымды тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының конкурстық комиссиясы қарайды.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің шағымын қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Шағымды қанағаттандырудан бас тарту себептері егжей-тегжейлі сипаттала отырып веб- порталда орналастырылады.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімге тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының бірінші басшысы, оның міндетін атқарушы тұлға не оның орынбасары қол қояды.

Тапсырыс беруші, ұйымдастыруши шағымды қанағаттандыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, конкурстық комиссия тапсырыс беруші, ұйымдастыруши тиісті шешім қабылдағаннан кейін екі жұмыс күні ішінде конкурс қорытындыларын қайта қарауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

76. Тапсырыс берушінің, конкурсты ұйымдастырушының, комиссиялардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым ӘРПК-нің 93-бабына сәйкес ресімделеді.

**Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

77. ӘРПК-нің 73-бабының 1-бөлігінде көзделген тыңдау рәсімі ӘРПК-нің 73-бабының 2-бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес қолданылмайды.

**Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

78. Конкурс қорытындылары туралы хаттама қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шарт жасасуға негіз болып табылады. Қызметтерді, тауарларды сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалады.

79. Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға шағымдану мерзімі өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіге Үлгілік конкурстық құжаттамаға 9-қосымшаға сәйкес Қызмет көрсету туралы үлгілік шартқа және 10-қосымшаға сәйкес Тауарларды жеткізу туралы үлгілік шартқа сәйкес жасалған қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы қол қойылған шартты жібереді.

80. Егер өнім беруші мемлекеттік орта білім беру үйімдарында, мектептен тыс қосымша білім беру үйімдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйімдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйімдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйімдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйімдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесіне енгізілмеген жағдайда, шарт тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және Қызмет көрсету туралы, Тауарларды жеткізу туралы үлгілік шарттарда көзделген бұзушылықтар болмаған жағдайда, өнім беруші шартты тікелей жасасу жолымен келесі қаржы жылдарына екі рет ұзартылады.

Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде тиісті қаржы жылына арналған көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бюджет қаражаты есебінен тамақтанумен қамтамасыз етілетін тәрбиеленушілер мен білім алушылардың саны өзгерген жағдайда шартқа өзгерістер енгізіледі.

Қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алу жоспарына бағаның өзгеруі бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу ағымдағы кезеңге арналған инфляция деңгейіне сәйкес және мемлекеттік сатып алу порталында көрсетілетін қызметтерге (1 білім алушыға арналған тамақтану) және (немесе) тауарларға орташа баға шегінде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде ағымдағы қаржы жылына арналған қолданыстағы шартқа конкурстық рәсімдер өткізілмesten өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

81. Өнім беруші шартты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қол қойылған қызмет көрсету немесе тауарларды жеткізу туралы шартқа қол қояды және конкурсты ұйымдастырушыға қайтарады.

82. Өнім беруші шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

Бұл ретте тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі аяқталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өнім берушіге шартты бұзуға ниеттілігі туралы хабарлама жібереді. Егер өнім беруші хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, тапсырыс беруші шартты бұзу туралы хабарлама жібереді.

83. Қызметті берушіні таңдау бойынша конкурста жеңімпаз болып танылған әлеуетті өнім беруші құнтізбелік он бес күн ішінде мемлекеттік мүлік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мектеп асханасының орын-жайын және жабдықтарын жалға алу жөнінде шарт жасасады.

84. Көрсетілетін қызметті жеткізуі жалға алу шартын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы аумақтық органдарға объектінің қызметіне рұқсат беру құжаттарын алу үшін өтініш жібереді және білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетуге дейін "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № КР ДСМ-84 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24082 тіркелген) 290-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алады.

85. Шарттық міндеттемелерді орындау процесінде туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының азamatтық заңнамасына сәйкес шешіледі.

86. Алдын ала жылдық сатып алу жоспары шенберінде өткізілген өнім берушіні таңдау рәсімдері тиісті бюджет бекітілгенге дейін аяқталған жағдайда, шарт жеңімпазға тиісті бюджет бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберіледі.

87. Көрсетілген мерзім ішінде шартқа қол қоймаған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған болып есептеледі.

88. Егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші және екінші орын алған әлеуетті өнім беруші Қағидаларда белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге қол

қойылған шартты ұсынбаған және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда, онда конкурсның ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 599 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізліміндегі № 17766 болып тіркелген) (бұдан әрі – Жосықсыз өнім берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидалары) сәйкес құнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні жосықсыз деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеді.

89. Женімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған деп танылған жағдайда, ұйымдастырушы ол енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

90. Егер женімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші қол қойылған шартты тапсырыс берушіге ұсынбаса, шартты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, тапсырыс беруші өнім берушінің шартты бұзы туралы хабарламасын алған күннен бастап үш жұмыс күні өткен соң екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге шартты жібереді. Шартқа екінші орын алған әлеуетті өнім беруші оған шарт берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қол қояды.

Егер екінші орын алған әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімде тапсырыс беруші қол қойған шартқа қол қоймаса, тапсырыс беруші қайта конкурс өткізуі жүзеге асырады.

91. Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының әлеуетті өнім берушінің шағымын қарау қорытындылары бойынша шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотта шағым жасалуы мүмкін.

Бұл ретте әкімшілік сот ісін жүргізу шеңберінде тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының шешіміне шағымдану сатып алу рәсімдерін тоқтата тұrmайды.

**Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

92. Сот ұйымдастырушының және конкурстық комиссияның не конкурстың (лоттың) шешімдерін жойған жағдайда, конкурсның ұйымдастырушы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде конкурс қорытындыларын қайта

қарауды жүзеге асырады немесе веб-порталда конкурс туралы хабарландыруды орналастырады.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда - КР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

93. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін конкурсты ұйымдастырушы шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде белгілейді.

94. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің біреуін таңдайды:

1) тапсырыс берушінің банктік шотына не Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілді ақшалай жарна;

2) банктік кепілдік.

Тапсырыс беруші өнім берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтарады.

Шартты ұзарту кезінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өнім беруші шартты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде тиісті қаржы жылына енгізеді.

95. Шарттың орындалғаны туралы құжаттар (тауарды қабылдау-тапсыру актісі, көрсетілген қызметтер актісі, шот-фактура) электрондық нысанда ресімделеді.

Тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін толық орындаған жағдайда шарт орындалды деп есептеледі.

Тауарларды жеткізу кезінде шартты орындау мынадай ретпен жүзеге асырылады:

1) жүккүжаттың түпнұсқасын ұсына отырып, тауарды межелі жерге жеткізу;

2) өнім берушінің тауарды жеткізу фактісін растайтын жүккүжаттың электрондық көшірмесін тіркей отырып, веб-портал арқылы тауарды қабылдау-тапсыру актісін ресімдеуі;

3) тапсырыс берушінің тауарды қабылдауы;

4) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 370 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18583 болып тіркелген) электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электрондық нысанда жазып беру қағидаларына (бұдан әрі – Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электрондық нысанда жазып беру қағидалары) сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген электрондық шот-фактураны ресімдеу;

5) тапсырыс берушінің жеткізілген тауар үшін ақы төлеуі.

Қызметтерді көрсету кезінде шартты орындау мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады:

1) көрсетілген қызметтер актісін веб-портал арқылы ресімдеу;

2) көрсетілген қызметтерді тапсыру және қабылдау;

3) Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген электрондық шот-фактураны ресімдеу;

4) тапсырыс берушінің көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуі.

96. Өнім беруші веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарлар, қызметтер туралы мәліметтерді толтыра отырып, электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды қабылдау-тапсыру актісін, 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген қызметтер актісін жібереді.

97. Тапсырыс беруші веб-порталда өнім берушінің тауарларды қабылдау-тапсыру актісін, көрсетілген қызметтер актісін ресімдеуі туралы хабарлама алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, актіде шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негізdemелерді көрсете отырып, тауарды, қызметтерді қабылдаудан бас тартады.

**2-параграф. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңға сәйкес мемлекеттік орта білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу**

98. Білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау, жекеше әріптесті айқындау жөнінде конкурс (аукцион) және тікелей келіссөздер жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының мониторингін жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу және бағалау мәселелерін қамтитын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидалары" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

99. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес өтінімді орта білім беру үйымдарының басшысы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган өтінімді қабылдамаған жағдайда конкурс осы Қағидалардың 2-тaraуының 1-параграфында көзделген Тамақтандыруды үйымдастыру тәртібіне сәйкес өткізіледі.

100. Әлеуетті жекеше әріптестің біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңда белгіленген тәсілдермен жүзеге асырылады.

101. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы шарт жасасқанға дейінгі кезеңдегі қажеттілікке сәйкес білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру қызметтерін

көрсету үшін білім беру ұйымы немесе білім беруді басқару органы, білім беру ұйымы бухгалтерлік есепті дербес жүргізбеген жағдайда, осы Қағидалардың 69-тармағына сәйкес тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсететін өнім берушіні тарту туралы шешім қабылдайды.

102. Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету осы Қағидалардың 2-тарауының 3-параграфында көзделген орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруға арналған жағдайларға сәйкес жүзеге асырылады.

**3-параграф. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету**

103. Тамақтануды ұйымдастыру кезінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес тамақтанудың тиісті жағдайлары қамтамасыз етіледі.

104. Асхананың және (немесе) буфеттің жұмыс уақыты оқу процесі аяқталғанға дейін бір сағат бұрын аяқталады.

105. Білім беруді басқару органдары және орта білім беру ұйымдары интернет-ресурста білім алушылардың мектеп асханасында тамақтануы туралы ата-аналарға ақпарат беру үшін функционалдылықты көздейтін, оның ішінде перспективалық мәzірді, жұмыс жоспарын, тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссиялардың актілерін көрсете отырып, "Мектептік тамақтандыру" айдарын құрады.

Орта білім беру ұйымдары білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша интернет-ресурстағы "Мектептік тамақтандыру" айдарында күнделікті ақпаратты орналастыруды қамтамасыз етеді (тағамдардың фотосуреттері, бағалары қоса берілген күнделікті мәzір).

106. Орта білім беру ұйымының басшысы денсаулық сақтауды басқару органы бекітken перспективалық мәzірге сәйкес күн сайын алдағы күні берілетін тағамдардың түрлерін көрсете отырып, ас мәzірін бекітеді және оны асханаға және білім алушылардың ата-аналары немесе занды өкілдері үшін қолжетімді жерге орналастырады.

Перспективалық мәzір "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына, "Қоғамдық тамақтану обьектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26866 болып тіркелген), "Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту

"туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21857 болып тіркелген), "Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 503 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14674 болып тіркелген) бұйрықтарына және білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, тамақтану объектісінің түрін, үй-жайлардың жиынтығы және тоңазытқыш және технологиялық жабдықтармен жарақтандыруды, сондай-ақ өндірде өндірілетін қазақстандық өнімдердің ұлттық дәстүрлері мен ассортиментін, дұрыс тамақтану рационын қалыптастыруды ескере отырып, тамақтанудың заттай нормаларына сәйкес әзірленеді.

**Ескерту. 106-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-агарту министрінің м.а. 31.07.2025 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

107. Қызметті жеткізуші ай сайын орта білім беру ұйымының басшысына өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарды қоса бере отырып, білім алушылар үшін пайдаланылатын тамақ өнімдерінің тізбесі туралы мәліметтерді ұсынады.

Тағамдарды, буфет өнімдерін, сусындарды, шөлмектегі суды өткізу конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылады.

108. Білім беруді басқару органы, білім беру ұйымы Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрінің 2022 жылғы 14 қарашадағы № 456 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30534 болып тіркелген) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес тіркеу және есептілік функциясы бар аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы тегін тамақ алатын білім алушыларды есепке алууды жүзеге асырады.

Аппараттық-бағдарламалық кешен есепке алу туралы ақпаратты "Әлеуметтік әмиян" ақпараттық жүйесіне береді.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларға өзі әкелген тамақты ішуге қажетті жағдайлар жасалады.

**Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-агарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

109. Орта білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитеті, мектеп әкімшілігі өкілдерінің, білім беру ұйымының медициналық пунктінің медицина қызметкерінің қатысуымен тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрылады. Комиссияның төрағасы орта білім беру ұйымының басшысы болып табылады.

110. Комиссияның міндеттеріне келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, дайындалған тағамдардың сапасына, технологиялық жабдықтардың болуына және жарамдылығына, азық-тұліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуына, балалардың нақты тамақтану рационының құнделікті, перспективалық ас мәзіріне сәйкестігіне, асхананың санитарлық жағдайына мониторинг жүргізу кіреді.

111. Комиссия жұмысының қорытындылары ай сайын кейіннен оларды білім беру үйымының педагогикалық кеңесінде қарау және орта білім беру үйымының интернет-ресурсында орналастыру үшін ақпарат түрінде ресімделеді.

112. Білім беруді басқару органдары жанында жұмыс істейтін тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топтар тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялардың қызметіне жүйелі мониторинг жүргізеді және оқушылардың тамақтануын тиімді үйымдастыру бойынша шаралар қабылдайды.

113. Тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссияның функциялары кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды немесе занды тұлғаларды тарту арқылы да жүзеге асырылады. Осы шешім қабылданған жағдайда білім беру үйимы, қызметті жеткізуі жоғарыда көрсетілген функцияларды жүзеге асыру үшін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға немесе занды тұлғаларға рұқсат береді.

**3-тарау. Мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу тәртібі**

114. Конкурстық негізде мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу мынадай дәйекті іс-қимылдарды орындауды көздейді:

1) тауарларды сатып алу жоспарын әзірлеу және бекіту, егер конкурсты үйымдастырушы тапсырыс берушінің өзі болмаған жағдайда – конкурсты үйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін тапсырыс берушінің веб-портал арқылы тауарларды сатып алудың жылдық жоспарының (тауарларды сатып алудың алдын ала жылдық жоспарының) тармақтарын жіберуі;

2) конкурстық комиссияның құрамын қалыптастыру және бекіту, конкурсты үйымдастырушы өткізген жағдайда, конкурстық комиссияның құрамына тапсырыс берушінің қызметкерлерін енгізу міндетті емес;

3) конкурстық құжаттаманың жобасын бекіту;

4) өнім берушіні таңдау рәсімін жүзеге асыру туралы хабарландыруды, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың жобасының мәтінін веб-порталда орналастыру;

5) конкурстық құжаттаманың жобасын веб-портал арқылы алдын ала талқылау және конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың мәтінін веб-порталда орналастыру;

6) әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерді электрондық құжат нысанында ұсынуы және оларды веб- порталда автоматты түрде тіркеуі;

7) өтінімдерді автоматты түрде ашу және тиісті ашу хаттамасын веб- порталда орналастыру;

8) конкурстық комиссияның веб- портал арқылы әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін олардың біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі түрғысынан қарауы;

9) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді анықтау және оларды конкурсқа қатысушылар деп тану;

10) конкурс жеңімпазын, сондай-ақ екінші, үшінші, төртінші және одан әрі кезектілік тәртібімен орын алған әлеуетті өнім берушіні анықтау және сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы веб- порталда орналастыру;

11) конкурс қорытындылары туралы хаттама негізінде тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының жеңімпазben шарт жасасуы.

115. Конкурстық құжаттамада не орналастырылатын ақпаратта әлеуетті өнім берушілерге сандық жағынан өлшенбейтін және (немесе) әкімшілендірілмейтін кез келген талаптарды белгілеуге не сатып алынатын тауарлардың жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиесілігін айқындайтын сипаттамаларды көрсетуге жол берілмейді.

116. Тауарларды сатып алуды ұйымдастырушының немесе тапсырыс берушінің тауарларды сатып алудың бекітілген (алдын ала) жоспары негізінде конкурсты ұйымдастырушы жүзеге асырады.

117. Тапсырыс беруші немесе, егер тапсырыс беруші мен конкурсты ұйымдастырушы бір тұлға болған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы тиісті бюджет бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларға қажеттілікке сәйкес қаржы жылына арналған тауарларды сатып алу жоспарын тиісті бюджет негізінде әзірлейді және бекітеді.

Тамақтану шығындарының 100 пайзы ата-анасынан немесе занды өкілдерінен алынатын мектепке дейінгі ұйымдарда тауарларды сатып алу жоспары қаржы жылының желтоқсан айында бекітіледі.

118. Тапсырыс беруші немесе, егер тапсырыс беруші мен конкурсты ұйымдастырушы бір тұлға болған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы тауарларды сатып алу жоспары бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны веб- порталда орналастырады.

Тапсырыс беруші ұйымдастырушыға конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін ақпарат пен құжаттарды ұсынады.

119. Тауарларды сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тапсырыс берушінің немесе, егер тапсырыс беруші мен конкурсты ұйымдастырушы бір тұлға болған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушының бюджетіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда жүзеге асырылады.

Тапсырыс беруші немесе, егер тапсырыс беруші мен конкурсты ұйымдастырушы бір тұлға болған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы тауарларды сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс қуні ішінде енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды веб-порталда орналастырады.

120. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін ұйымдастырушы конкурстық комиссияны бекітеді және конкурстық комиссияның хатшысын айқындайды.

121. Конкурстық комиссия құру және конкурстық комиссияның хатшысын айқындау туралы шешімді ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға қабылдайды.

122. Конкурстық комиссия конкурсты ұйымдастырушының бүйрекімен құрылады және комиссия мүшелерінің тақ санынан, бірақ кемінде бес адамнан тұрады.

Конкурстық комиссияның мүшелері өтінімдерді қарайды және комиссияның жоқ мүшелерін ауыстырусыз дауыс беруге қатысады.

123. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссияның құрамына келісім бойынша веб-порталда тіркелген жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін енгізеді.

124. Конкурстық комиссияның тәрағасы болып ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасарынан не бірінші басшының немесе оның орынбасарының міндетін атқарушы тұлғадан төмен емес лауазымды адам айқындалады.

Конкурстық комиссияның тәрағасы болмаған жағдайда конкурстық комиссия тәрағасының кандидатурасы қайта бекітіледі. Бұл ретте, конкурстық комиссияның тәрағасы болып бірінші басшының орынбасарынан төмен емес лауазымды адам, ал ол болмаған жағдайда бірінші басшы айқындалады.

125. Конкурстық комиссияның тәрағасы конкурстық комиссияның қызметіне жетекшілік жасайды және осы Қағидаларда көзделген функцияларды жүзеге асырады.

126. Конкурстық комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап әрекет етеді және шарт жасалған қуні өз қызметін тоқтатады.

127. Конкурстық комиссияның отырысы, егер оған конкурстық комиссия мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, алмастыру құқығының занды болып табылады. Конкурстық комиссия мүшелерінің бірі болмаған жағдайда, конкурстық комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі көрсетіледі.

128. Конкурстық комиссияның ұйымдастырушылық қызметін конкурстық комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды және конкурстық комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беруге қатыспайды.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурсты ұйымдастыруши болып табылатын, конкурсты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты органның немесе ұйымның лауазымды адамдарының арасынан айқындалады.

129. Конкурстық комиссияның хатшысы:

1) конкурстық құжаттаманың жобасын қалыптастырады және веб-порталға орналастырады;

2) веб-порталда конкурс өткізу туралы хабарландыруды, конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын, конкурс қорытындылары туралы хаттаманы, сондай-ақ олар болған жағдайда басқа да құжаттарды орналастырады;

3) осы Қағидаларда көзделген функцияларды жүзеге асырады.

130. Конкурсты ұйымдастыруши осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Үлгілік конкурстық құжаттамаға сәйкес конкурстық құжаттаманың жобасын әзірлейді және бекітеді, ол мыналарды қамтиды:

1) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып аlyнатын тауарлардың тізбесі;

2) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес өнім берушіні таңдау бойынша конкурстық құжаттаманың жобасына техникалық тапсырма;

3) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша занды тұлғалар және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға өтінім;

4) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер;

5) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес тауарларды жеткізушіні таңдау өлшемшарттары;

6) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 10-қосымшаға сәйкес тауарларды жеткізу туралы ұлгілік шарт.

131. Тауарларды сатып алу кезінде ұйымдастыруши тауарларды лоттарға бөле отырып конкурс өткізу және (немесе) жекелеген тауарларды мынадай топтар бойынша бір лотқа біріктіру туралы шешім қабылдайды: сүт өнімдері, ет өнімдері, көкөністер мен аскөктер, жемістер мен шырындар, балық өнімдері, ұн өнімдері мен жармалар (бүршақ өнімдері).

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарau, сондай-ақ лоттарға бөлінген жағдайда конкурс женімпазын айқындау конкурстық құжаттамада көзделген әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

132. Конкурсқа қатысуға арналған етінімдерді қарау қорытындылары бойынша айқындалған, біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін өлеуетті өнім берушілер конкурсқа қатысады.

133. Конкурсқа қатысу үшін өлеуетті өнім беруші келесі біліктілік талаптарына сәйкес келеді:

1) конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырған күннен кейін мемлекеттік кіріс органдарының мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайтын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы;

2) банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы;

3) материалдық және еңбек ресурстарының болуы.

134. Конкурстық құжаттаның жобасы бекітілгеннен кейін конкурсты ұйымдастырушы веб- порталда қазақ және орыс тілдерінде конкурстық құжаттаманы қалыптастырады.

135. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың жобасын бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жұмыс күндері Астана қаласының уақыты бойынша сағат 9.00-ден 18.00-ге дейінгі кезеңде веб- порталда осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес конкурс өткізу туралы хабарландырудың мәтінін, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың жобасын орналастырады.

136. Конкурстық құжаттаманы бекітудің міндетті талабы өлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылауы болып табылады.

Әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулерді, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға веб- портал арқылы жіберу мүмкін.

Конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар конкурсты өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде болмаған кезде, конкурстық құжаттама бекітілген болып есептеледі.

Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болған жағдайда, конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) конкурстық құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;

2) негіздемелері мен себептерін көрсете отырып, конкурстық құжаттаманың жобасына берілген ескертпелерді қабылдамайды;

3) конкурстық құжаттаманың ережелеріне түсінік береді.

Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда үйымдастырушы өлеуетті өнім берушілердің сұрауларына не ескертулеріне жауап ретінде конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді және өзгертілген конкурстық құжаттаманы веб-порталда бекіту туралы шешімді осы Қағидалардың 27-тармағымен белгіленген тәртіппен қабылдайды.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген шешімдер қабылданған күннен бастап конкурстық құжаттама бекітілген болып есептеледі.

Үйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей веб- порталда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын орналастырады.

Конкурстық құжаттаманың алдын ала талқылау хаттамасы жұмыс күндері жұмыс уақытында (Астана қаласының уақыты бойынша сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін) орналастырылады.

Бұл ретте өтінімдерді қабылдау алдын ала талқылау хаттамасы орналастырылған күннен кейін келесі жұмыс күні (Астана қаласының уақыты бойынша сағат 09.00-ден бастап) жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес конкурстық құжаттаманың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда үйымдастырушы конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылау хаттамасымен бірге конкурстық құжаттаманың жобасын алған өлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, конкурстық құжаттаманың бекітілген мәтінін орналастырады.

Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында конкурстық құжаттаманың жобасына келіп түскен ескертулер және олар бойынша қабылданған шешімдер туралы ақпарат қамтылады.

Конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасына конкурстық комиссияның төрағасы қол қояды.

Осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес конкурстық құжаттаманың жобасына ескертудерді қабылдамау туралы шешім қабылданған жағдайда, оларды қабылдамау себептерінің толық негіздемесі конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

Өлеуетті өнім берушілердің осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес веб-портал арқылы конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұраулары келіп түскен кезде конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру мәтіні конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

Конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын біліктілік талаптары жобасының, техникалық ерекшеліктің және шарт жобасының ережелерін түсіндіру

мәтіні конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі

137. Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін ұсынатын мерзімнің соңғы күні конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын және бекітілген конкурстық құжаттаманың мәтінін орналастырган күннен бастап кем дегендеге күнтізбелік он бес күнді құрайды.

138. Қайта конкурсты жүзеге асырған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын конкурсты қайта өткізуге байланысты шартты орындау мерзімін қоспағанда, өтпеген конкурстың конкурстық құжаттамасының өзгермеу шартымен қайта конкурсты жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін веб-порталда орналастырады.

139. Конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап барлық тілек білдірушілерге конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау үшін және алдын ала талқылау нәтижелері бойынша бекітілген конкурстық құжаттаманы веб-портал арқылы тегін алуға мүмкіндік беріледі.

140. Конкурстық құжаттаманы немесе конкурстық құжаттаманың жобасын веб-порталда конкурс өткізу туралы хабарланған сәтке дейін беруге жол берілмейді.

141. Конкурсқа қатысуға өтінім конкурстық құжаттамада көрсетілген оны ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында беріледі және әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада белгіленген шарттарға келісім беру, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің осы Қағидаларда көзделген өнім берушінің таңдау жөніндегі біліктілік және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға келісім білдіру нысаны болып табылады.

142. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушыға ұсынатын конкурсқа қатысуға өтінімде конкурстық құжаттамада келтірілген құжаттарды қамтиды.

143. Әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдер автоматты түрде веб- порталда тіркеледі.

144. Веб- портал конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіге тиісті хабарламаны автоматты түрде жіберген кезде конкурсқа қатысуға өтінім қабылданған болып есептеледі.

145. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа, лоттар бойынша бөлінген жағдайда лотқа қатысуға бір ғана өтінім береді.

146. Мынадай жағдайларда әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға құқығы жоқ және әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімін веб- портал автоматты түрде қабылдамайды:

- 1) әлеуетті өнім беруші бұрын осы конкурсқа қатысуға өтінім берген болса;
- 2) конкурсқа қатысуға өтінім веб- порталға осы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін келіп түссе;

3) осы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдауға қатысса не өткізілетін конкурстарда тапсырыс берушінің немесе конкурсты ұйымдастыруышының өкілі болып табылса;

4) конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің басшысы Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде, Жосықсыз өнім берушілер (әлеуетті өнім берушілер) тізбесінде тұрған занды тұлғаларды басқаруға, құруға, жарғылық капиталына қатысуға байланысты болса;

5) конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің басшысы Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне, Жосықсыз өнім берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесіне енгізілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылса;

6) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, конкурсқа қатысуға үміткер жеке тұлға болып табылатын әлеуетті өнім беруші Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне, Жосықсыз өнім берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесіне енгізілген әлеуетті өнім берушінің басшысы болып табылса;

7) әлеуетті өнім беруші Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде, Жосықсыз өнім берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесінде тұрса ;

8) әлеуетті өнім берушінің атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болса және оны атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізсе;

9) тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы занда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселеген мөлшерінен асатын салық берешегі және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегі болса;

10) әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса;

11) әлеуетті өнім берушінің баланстық құны тиісті негізгі қаражат құнының он пайызынан асатын мүлкіне тыйым салынса;

12) әлеуетті өнім беруші және (немесе) олардың басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне енгізілсе;

13) банкроттық не тарату рәсіміне жатса.

147. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысу үшін ұсынатын конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі конкурсқа қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап кемінде күнтізбелік алпыс күнді құрайды және конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімге сәйкес келеді.

148. Әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімді өзгертуі немесе кері қайтарып алуы конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта жүзеге асырылады.

149. Конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін оны қайтарып алуға жол берілмейді.

150. Әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамаға сәйкес талап етілетін жекелеген құжаттарды ұсынуы мемлекеттік ақпараттық жүйелерге және (немесе) мемлекеттік деректер базаларына жүгіну арқылы не веб-порталды пайдалана отырып, электрондық нысанды толтыру арқылы құжаттарды алу жолымен жүзеге асырылады.

151. Әлеуетті өнім беруші оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін веб- порталда мынадай құжаттарды қамтитын конкурстық өтінімді орналастырады:

1) қолданыс мерзімін көрсете отырып, Үлгілік конкурстық құжаттамаға 4, 5-қосымшаларға сәйкес әлеуетті өнім берушінің қазақ және орыс тілдерінде жасалған конкурсқа қатысуға арналған өтінімі;

2) әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша немесе тауарларды сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде электрондық банктік кепілдік түрінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету;

3) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшага сәйкес жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма;

4) Үлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымшага сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер.

152. Тиынмен есептелген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы дөңгелектенеді. Бұл ретте елу тиыннан кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал елу тиынга тең және одан жоғары сома бір тенгеге дейін дөңгелектенеді.

153. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізу әрбір лотқа жеке немесе әлеуетті өнім беруші қатысатын конкурс лоттарының жалпы сомасына жүзеге асырылады.

Әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушының банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын ұйымдастырушылар үшін Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілді ақшалай жарна түрінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізген жағдайда, ол кепілді ақшалай жарнаны растайтын төлем құжатының электрондық көшірмесі түрінде ұсынылады. Бұл ретте кепілді ақшалай жарна конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзіміне дейін конкурстық құжаттамада көрсетілген банктік шотқа енгізіледі.

154. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашуды веб-портал конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткен сәттен бастап бес минут ішінде автоматты түрде жүргізеді.

155. Егер конкурсқа (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім берілсе, онда мұндай өтінім де осы Қағидаларға сәйкес ашылады және қаралады.

156. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын веб-портал осы Қағидаларға 4 -қосымшаға сәйкес оларды ашу сәтінде автоматты түрде орналастырады. Бұл ретте веб-портал конкурстық комиссияның мүшелеріне, конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге автоматты түрде хабарлама жібереді.

157. Конкурсты өткізу басталғанға дейін конкурстық комиссияның мүшелері, конкурстық комиссияның хатшысы бекітілген конкурстық құжаттамамен және оның қосымшаларымен танысады.

158. Конкурстық комиссия веб-портал арқылы біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді анықтау мақсатында конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қарайды.

159. Әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі мәніне конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия:

1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, салыстыруды оңайлату үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірмелерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында қажетті ақпаратты сұратады.

160. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты сауал жіберуіне және өзге де іс-әрекеттеріне жол берілмейді.

Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап беретін өтінім ретінде қарайды.

161. Әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарының банкроттық не тарату рәсіміне қатыстырылығы бойынша сәйкестігін нақтылау мақсатында конкурстық комиссия банкроттық не тарату рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған ақпаратты қарайды.

162. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашқан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде:

1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды, конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) өлшемшарттарды қолданады және есептейді;

3) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес конкурс қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді.

163. Конкурстық комиссияның шешімі веб-портал арқылы дауыс берумен қабылданады және егер оған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санынан конкурстық комиссия мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тен болған жағдайда конкурстық комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы конкурстық комиссияның кез келген мүшесі өз пікірін айта алды, ол құжаттың электрондық көшірмесі нысанында веб- порталда орналастырылады.

Конкурстық комиссияның тиісті хаттамаларында конкурстық комиссияның қандай да бір мүшесінің қолы болмаған жағдайда конкурстық комиссияның хатшысы қолдың болмау себебі жазылған құжатты немесе ақпаратты веб- порталда орналастырады.

164. Конкурс қорытындылары туралы хаттама:

1) осы Қағидалардың 159-тармағына сәйкес конкурстық комиссияның сауалдары туралы;

2) бас тарту себептері егжей-тегжейлі сипатталған, оның ішінде олардың біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес еместігін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетілген конкурсқа қатысуға өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы;

3) конкурстық комиссияның өлшемшарттарды қолдануы туралы ақпаратты қамтиды.

4) конкурс жеңімпазын, сондай-ақ екінші, үшінші, төртінші және одан әрі кезектілік тәртібімен орын алған әлеуетті өнім берушіні анықтау және сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы веб- порталда орналастыру.

165. Конкурстық комиссия енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді конкурстық құжаттама талаптарына мынадай жағдайларда сәйкес емес деп таниды:

1) электрондық банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі жеткіліксіз болғанда;

2) конкурстық комиссияға анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтердің жоқтығынан көрінетін конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тиісінше ресімделмегендеге:

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді берген тұлғаны;

электрондық банктік кепілдік түрінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін конкурсқа қатысу үшін конкурстың атауы мен нөмірі;

электрондық банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімін және (немесе) конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің сомасын;

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлғаны;

пайдасына конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тұлғаны;

3) конкурстық қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді конкурсқа(лотқа) бөлінген соманың бір пайызынан кем мөлшерде енгізгенде.

166. Ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) ашу хаттамасын орналастырған жағдайда аталған әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін қайтарып алғанда;

2) конкурс қорытындысы туралы хаттамаға қол қойылғанда. Аталған жағдай конкурс жеңімпазы деп айқындалған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім берушінің шартқа қол қойылғанда және оның шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгенде.

167. Электрондық банктік кепілдік түрінде енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұйымдастыруши мынадай:

1) конкурс жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған;

2) конкурс жеңімпазы шарт жасасып, шартты орындалуын қамтамасыз етуді енгізіп және (немесе) енгізу мерзімдері туралы конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарды орындамаған не тиісінше орындамаған, оның ішінде уақтылы орындамаған жағдайлардың бірі туындаған кезде әлеуетті өнім берушіге қайтармайды.

Электрондық әмиян арқылы енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді бірыңғай оператор бұғаттайты және мынадай:

1) конкурс жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған;

2) конкурс жеңімпазы шарт жасасып, шартты орындалуын қамтамасыз етуді енгізген және (немесе) енгізу мерзімдері туралы конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарды орындамаған не тиісінше орындамаған, оның ішінде уақтылы орындамаған жағдайлардың бірі туындаған кезде әлеуетті өнім берушіге қайтармайды.

Мұндай жағдайларда конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

Әлеуетті өнім берушінің электрондық әмияндағы ақшаның тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

Осы тармақта көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бірыңғай оператордың электрондық әмияндағы ақшаны пайдалануына жол берілмейді.

168. Бірыңғай оператор тапсырыс берушіден өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, егер әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарса немесе шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, әлеуетті өнім берушінің электрондық әмияндан тапсырыс берушінің өтінішінде көрсетілген шотқа өтінімді қамтамасыз ету бойынша оқшауланған ақшаны аударуды веб-портал арқылы жүзеге асырады.

169. Әлеуettі өнім берушінің электрондық әмиянында орналастырылған ақшаны қайтару туралы талап етуі бойынша бірыңғай оператор осындай талап түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларға қатысты бұғаттау немесе бұғаттау тоқтатылған, көрсетілген ақшаны қайтарады.

170. Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға веб-порталда конкурстық комиссияның барлық мүшелері қол қояды және конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінім берген барлық әлеуettі өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, оны конкурс қорытындылары туралы шешім қабылданған күні веб- порталда орналастырады.

171. Конкурстық комиссия конкурс қорытындылары хаттамасында енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп тану себебін көрсетеді.

172. Конкурстық комиссия конкурс қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде, конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуettі өнім берушіге қатысты Үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес өлшемшарттар бойынша балл қояды.

Барынша көп балл жинаған әлеуettі өнім беруші конкурс жеңімпазы болып танылады.

Егер конкурсқа конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес және осы Қағидалардың нормаларына сай келетін өтінім берген бір әлеуettі өнім беруші қатысса, ол конкурс жеңімпазы болып танылады.

173. Егер екі және одан да көп әлеуettі өнім беруші бірдей балл санын жинаған жағдайда, Үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес "Тауар нарығындағы өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі" өлшемшартты бойынша ең көп балл жинаған конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады.

Жұмыс тәжірибесі бойынша баллдар саны тең болған кезде конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуettі өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрын түскен конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады.

174. Конкурсты ұйымдастырушы:

- 1) ұсынылған өтінімдер болмаған;
- 2) конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуettі өнім беруші жіберілмеген;
- 3) егер аталған өнім беруші конкурсқа жалғыз қатысып, конкурс жеңімпазы шарт жасасудан жалтарған жағдайларда конкурсты өткізілмеді деп таниды.

175. Конкурс өткізілмеді деп танылған кезде конкурсты ұйымдастырушы осы Қағидалардың 30-тармағына сәйкес конкурсты қайта өткізу туралы хабарлайды.

Әлеуettі өнім беруші конкурс қорытындыларына конкурс қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей шағым жасаған кезде веб- порталда конкурсты қайта өткізу туралы хабарландыруды орналастыру шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының әлеуетті өнім берушінің шағымын қарау мерзімі шағым беру мерзімі өткен күннен кейін екі жұмыс күнінен аспайды.

**Ескерту. 175-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

176. Конкурс жеңімпазы шарт жасасудан жалтарған жағдайда, конкурсқа екі және одан да көп әлеуетті өнім беруші қатысқан кезде конкурстық комиссия тауарларды жеткізушілерді таңдау өлшемшарттарына сәйкес конкурс жеңімпазынан кейін жиналған балдар саны бойынша келесі әлеуетті өнім берушімен шарт жасасу туралы шешім қабылдайды және екі жұмыс күні ішінде оған веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен қуәландырылған шартты жібереді.

Әлеуетті өнім беруші шартты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шартқа электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

177. Тәрбиленушілерді мен білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тапсырыс берушінің үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мақсатында конкурс жеңімпазымен шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда, тікелей шарт жасасу арқылы жұмыс істеп тұрған өнім берушімен шарттың қолданылуын ұзартады.

Өнім беруші шарттың қолданылу мерзімін ұзартудан бас тартқан, өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болған жағдайда, шарт конкурс жеңімпазымен шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге алдыңғы конкурста екінші, үшінші, төртінші және одан әрі кезектілік тәртібімен орын алған әлеуетті өнім берушімен жасалады.

Өнім беруші шарттың қолданылу мерзімін ұзартудан бас тартқан, өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болған, шарт жасасудан бас тартқан немесе алдыңғы конкурста кезектілік тәртібімен екінші, үшінші, төртінші және тағы басқа орын алған әлеуетті өнім беруші болмаған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы, тапсырыс беруші біліктілік талаптарына сәйкес келетін және білім беру ұйымдарында кемінде 2 жыл тауар жеткізу бойынша тәжірибесі бар тауарларды жеткізуді жүзеге асыратын өнім берушіні тарту туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте мұндай сатып алу конкурсты өткізу мерзімі ішінде тапсырыс берушінің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті, бірақ екі айдан аспайтын мерзімде осындай тауарларды сатып алу көлемінен аспайтын көлемде жүзеге асырылады.

Конкурс қорытындыларына шағым жасалған жағдайда, шарт шағымдану кезеңіне ұзартылады.

**Ескерту. 177-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

178. Тапсырыс беруші, конкурсты ұйымдастырушы екі жұмыс күні ішінде тапсырыс берушінің, конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсында тауарларды жеткізу туралы ақпаратты орналастырады.

179. Осы Қағидалардың 174-тармағына сәйкес қайта конкурс өткізілмеді деп танылған кезде конкурсқа тапсырыс беруші біліктілік талаптарына сәйкес келетін және білім беру ұйымдарына тауарларды жеткізу бойынша кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі бар тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тауарларды жеткізуді жүзеге асыратын өнім берушінің тікелей шарт жасасу арқылы тарту туралы шешім қабылдайды.

Ұйымдастырушы өнім берушінің тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес тапсырыс беруші айқындаған әлеуетті өнім берушігепе шақыру жібереді.

Әлеуетті өнім беруші келіскең жағдайда, осы әлеуетті өнім беруші күнтізбелік бес күн ішінде веб-портал арқылы тапсырыс берушігепе Үлгілік конкурстың құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес жұмыс тәжірибесі туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, қатысу туралы растау жібереді.

Тапсырыс беруші қатысу туралы растауды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушігепе веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәланырылған шарттың жобасын жібереді.

Әлеуетті өнім беруші шарттың жобасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шарттың жобасын электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәланырады.

180. Әлеуетті өнім беруші:

1) егер ол мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп анықталса:

конкурстың құжаттамаға біліктілік туралы мәліметтерді ұсынбаса, сол сияқты мәліметтерді толық ұсынбаса;

әлеуетті өнім беруші конкурстың құжаттамада көрсетілген шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігіндегі біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат беру фактісі анықталса;

2) егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі мынадай негіздер бойынша конкурстың құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

техникалық тапсырманы ұсынбаса;

әлеуетті өнім беруші конкурстың құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық тапсырманы ұсынса, сол сияқты техникалық тапсырмамен талап етілетін құжаттарды ұсынбаса;

конкурстың құжаттаманың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсынбаса;

конкурстың өтінімде ұсынылған құжаттар бойынша дұрыс емес мәліметтерді ұсыну фактісі анықталса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

181. Әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттама жобасына осы Қағидалардың 28-тармағында айқындалған тәртіппен ескертулер берілмеген конкурстық құжаттаманың талаптарына, оның ішінде оларда көрсетілген біліктілік талаптарына жасаған шағымдары қаралуға жатпайды.

Конкурс қорытындылары туралы хаттама веб-порталда орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей шағым жасалған кезде шарт жасасу мерзімі шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатылады. Конкурсқа қатыспаған тұлғалардың шағымы шарт жасасу мерзімін тоқтатпайды.

**Ескерту. 181-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оку-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) бұйрығымен.**

182. Тапсырыс берушінің, ұйымдастыруышының, комиссияның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 93-бабына сәйкес веб- портал арқылы беріледі.

**Ескерту. 182-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оку-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) бұйрығымен.**

183. Шағымды тапсырыс берушінің, ұйымдастыруышының конкурстық комиссиясы қарайды.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің шағымын қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Шағымды қанағаттандырудан бас тарту себептері егжей-тегжейлі сипаттала отырып веб- порталда орналастырылады.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімге тапсырыс берушінің, ұйымдастыруышының бірінші басшысы, оның міндетін атқарушы тұлға не оның орынбасары қол қояды.

Тапсырыс беруші, ұйымдастыруыш шағымды қанағаттандыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, конкурстық комиссия тапсырыс беруші, ұйымдастыруыш тиісті шешім қабылдағаннан кейін екі жұмыс күні ішінде конкурс қорытындыларын қайта қарауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 183-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оку-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) бұйрығымен.**

184. Тапсырыс берушінің, конкурсты ұйымдастыруышының, комиссиялардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым ӘРПК-нің 93-бабына сәйкес ресімделеді.

**Ескерту. 184-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

185. ӘРПК-нің 73-бабының 1-бөлігінде көзделген тыңдау рәсімі ӘРПК-нің 73-бабының 2-бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес қолданылмайды.

**Ескерту. 185-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

186. Конкурс қорытындылары туралы хаттама тауарларды жеткізу туралы шарт жасасуға негіз болып табылады. Тауарларды жеткізу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалады.

187. Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға шағымдану мерзімі өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіге Үлгілік конкурстық құжаттамаға 10-қосымшаға сәйкес Тауарларды жеткізу туралы үлгілік шартқа сәйкес жасалған тауарларды жеткізу туралы қол қойылған шартты жібереді.

188. Шарт тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда, тікелей шарт жасасу арқылы келесі қаржы жылдарына екі рет ұзартылады.

Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде тиісті қаржы жылына арналған тауарларды сатып алу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Тамақтанумен қамтамасыз етілетін тәрбиленушілер мен білім алушылардың саны өзгерген жағдайда шартқа өзгерістер енгізіледі.

Тауарларды сатып алу жоспарына бағаның өзгеруі бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу ағымдағы кезеңге арналған инфляция деңгейіне сәйкес және мемлекеттік сатып алу порталындағы тауарлардың орташа бағасы шегінде жүзеге асырылады.

Тауарларды сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде ағымдағы қаржы жылына арналған қолданыстағы шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар конкурстық рәсімдер өткізілмей енгізіледі.

189. Өнім беруші шартты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қол қояды және қол қойылған тауарларды жеткізу туралы шартты конкурсты ұйымдастырушыға қайтарады.

190. Өнім беруші шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

Бұл ретте тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі аяқталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өнім берушіге шартты бұзуга ниеттілігі туралы хабарлама жібереді. Егер өнім беруші хабарламаны алған күннен бастап үш

жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, тапсырыс беруші шартты бұзу туралы хабарлама жібереді.

191. Шарттық міндеттемелерді орындау процесінде туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шешіледі.

192. Алдын ала жылдық сатып алу жоспары шеңберінде өткізілген өнім берушіні тандау рәсімдері тиісті бюджет бекітілгенге дейін аяқталған жағдайда, шарт женімпазға тиісті бюджет бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберіледі.

193. Көрсетілген мерзім ішінде шартқа қол қоймаған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған болып есептеледі.

194. Егер женімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші және екінші орын алған әлеуетті өнім беруші Қағидаларда белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге қол қойылған шартты ұсынбаған және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда, онда конкурссты ұйымдастыруши Жосықсыз өнім берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні жосықсыз деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеді.

195. Женімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған деп танылған жағдайда, ұйымдастыруши ол енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

196. Егер женімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші қол қойылған шартты тапсырыс берушіге ұсынбаса, шартты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, тапсырыс беруші өнім берушінің шартты бұзу туралы хабарламасын алған күннен бастап үш жұмыс күні өткен соң екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге шартты жібереді. Шартқа екінші орын алған әлеуетті өнім беруші оған шарт берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қол қояды.

Егер екінші орын алған әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімде тапсырыс беруші қол қойған шартқа қол қоймаса, тапсырыс беруші қайта конкурс өткізууді жүзеге асырады.

197. Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының әлеуетті өнім берушінің шағымын қарау қорытындылары бойынша шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотта шағым жасалуы мүмкін.

Бұл ретте әкімшілік сот ісін жүргізу шеңберінде тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының шешіміне шағымдану сатып алу рәсімдерін тоқтата түрмайды.

**Ескерту. 197-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-агарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

198. Сот ұйымдастырушының және конкурстық комиссияның не конкурстың (лоттың) шешімдерін жойған жағдайда, конкурсты ұйымдастыруши сот шешімі заңды



Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды қабылдау-тапсыру актісін жібереді.

203. Тапсырыс беруші веб-порталда өнім берушінің тауарларды қабылдау-тапсыру актісін ресімдеуі туралы хабарлама алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей актіде шарт бойынша ақпаратты толтырады және оны электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітеді не дәлелді негізdemeler көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Мемлекеттік орта, техникалық  
және кәсіптік, орта білімнен  
кейінгі білім беру ұйымдарында,  
косымша білім беретін  
мектептен тыс ұйымдарда білім  
алушыларды тамақтандыруды  
ұйымдастыру, сондай-ақ  
мемлекеттік мектепке дейінгі  
ұйымдарда, жетім балалар мен  
ата-анасының қамкорлығының  
қалған балаларға арналған білім  
беру ұйымдарында  
тәрбиеленетін және білім алатын  
балаларды тамақтандыруды  
қамтамасыз етуге байланысты  
тауарларды сатып алу  
қағидаларына  
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

нысан  
Бекітемін:

(Тапсырыс берушінің толық  
атауын және оның лауазымды  
адамының тегін, атын, экесінің  
атын (бар болса) көрсету)

\_\_\_\_\_ жылға арналған көрсетілген қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алу жоспары

Тапсырыс берушінің атауы (қазақ тілінде) \_\_\_\_\_

Тапсырыс берушінің атауы (орыс тілінде) \_\_\_\_\_

Жалпы мәліметтер

Тапсырыс берушінің БСН	Мемлекеттік мекемелер үшін		Тапсырыс берушінің атауы	Каржы жылы
	ММ коды	Бюджеттің түрі		
1	2	3	4	5

Көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алу жоспары

№	Жоспар тармағының түрі	Бюджеттік бағдарлама әкімшісі	Бағда рлама	Кіші бағдарлама **	Ерекшелік*	Каржыландыру көзі	Сатып алу мәнінің түрі
1	2	3	4	5	6	7	8
Тауардың, көрсетілетін қызметтің коды	Сатып алынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің қызметтердің атауы	Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің қызметтердің қызметтердің қызметтердің атауы	( Сатып алу тәсілі )	( Сатып алу тәсілі )	Өлше м бірлігі	( Саны, көлемі )	Бір бірлігі үшін баға, теңге
9	10	11	12	13	14	15	16

Сатып алуды хабарлаудың жоспарланған мерзімі (аидай)	Тауарды жеткізу, қызметтерді көрсету мерзімі (казак тілінде)	Тауарды жеткізу, қызметтерді көрсету мерзімі (орыс тілінде)	ӘАОС	Тауарды жеткізу, қызметтерді көрсету орны (казак тілінде)	Тауарды жеткізу, қызметтерді көрсету орны (орыс тілінде)	Аванстық төлемнің мөлшері, %	Өнім берушінің белгісі
17	18	19	20	21	22	23	24

### Жалпы мәліметтер:

- 1) "Тапсырыс берушінің БСН" деген жолақта – занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікте көрсетілген ұйымның бизнес сәйкестендіру нөмірі (он еki мәндегі код);
- 2) "ММ коды" деген жолақта – бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган беретін мемлекеттік мекеменің коды (жеті мәндегі код) көрсетіледі;
- 3) "Бюджеттің түрі" деген жолақта – оның қаражаты есебінен мемлекеттік мекеме үсталатын бюджеттің түрін білдіретін мән көрсетіледі (республикалық бюджет; облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті, аудандық бюджет, облыстық маңызы бар қала бюджеті);
- 4) "Тапсырыс берушінің атауы" деген жолақта – ұйымның толық атауы көрсетіледі;

5) "Қаржы жылы" деген жолақта – көрсетілетін қызметтердің және (немесе) тауарларды сатып алу жоспары жасалатын қаржы жылы көрсетіледі.

\_\_\_\_\_ жылға арналған көрсетілген қызметтердің және (немесе) тауарларды сатып алу жоспары

- 1) "№" деген жолақта – веб-портал айқындастын мемлекеттік сатып алудың сәйкестендіру коды;
- 2) "Жоспар тармағының түрі" деген жолақта – жоспар тармағы түрлерінің мынадай мәндерінің бірі көрсетіледі:

Қаржы жылынан асып кетпейтін сатып алу;

Каржы жылынан асып кететін сатып алу;

Шартты ұнемдеу есебінен сатып алу;

3) "Әкімшінің коды" деген жолақта – бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілдегі орган беретін Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды көрсетіледі;

4) "Бағдарлама" деген жолақта – оның шеңберінде көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алу жүзеге асырылатын шығыстарды функционалдық жіктеудің бюджеттік бағдарламасының коды көрсетіледі;

5) "Кіші бағдарлама" деген жолақта – оның шеңберінде көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алу жүзеге асырылатын шығыстарды функционалдық жіктеудің бюджеттік кіші бағдарламасының коды көрсетіледі;

6) "Ерекшелік" деген жолақта – оның шеңберінде көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алу жүзеге асырылатын шығыстарды экономикалық жіктеудің ерекшелігі коды көрсетіледі;

7) "Қаржыландыру көзі" деген жолақта – түскен көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алу қаржыландыру көзін көрсету қажет

мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түскен ақша есебінен;

демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаты есебінен;

жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансфертер есебінен;

8) "Сатып алу мәнінің түрі" деген жолақта – қызметтерді және (немесе) тауарларды (тауар, көрсетілетін қызмет) сатып алу мәнінің түрі көрсетіледі;

9) "Тауардың, көрсетілетін қызметтің коды" деген жолақта – тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің анықтамалығына сәйкес тауардың, көрсетілетін қызметтің коды көрсетіледі;

10) "Сатып алынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің атауы" деген жолақта – "Тауардың, көрсетілетін қызметтің коды" деген жолаққа енгізілген мәнге сәйкес сатып алынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің атауы көрсетіледі;

11) "Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы (сипаттауы)" деген жолақта – "Тауардың, көрсетілетін қызметтің коды" деген жолаққа енгізілген мәнге сәйкес тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы (сипаттауы) көрсетіледі;

12) "Сатып алу тәсілі" деген жолақта – сатып алу өткізу тәсілі көрсетіледі;

13) "Өлшем бірлігі" деген жолақта – "Тауардың, көрсетілетін қызметтің коды" деген жолаққа енгізілген мәнге сәйкес сатып алу мәнінің өлшем бірлігі көрсетіледі;

14) "Жалпы саны, көлемі" деген жолақта – сатып алынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің жалпы саны немесе көлемі көрсетіледі;

15) "Бір бірлігі үшін баға, теңге" деген жолақта – теңгеде сатып алу мәнінің бірлігі үшін баға көрсетіледі;

16) "Сатып алу үшін бекітілген жалпы сома, теңге" деген жолақта – "Жалпы саны, көлемі" деген жолақты "Бір бірлігі үшін баға, теңге" деген жолаққа көбейту арқылы есептеледі және сатып алу жоспарланатын соманы білдіреді;

17) Сатып алуды хабарлаудың жоспарланған мерзімі (ай)" деген жолақта – көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алу жоспарланған ай көрсетіледі;

18) "Тауарды жеткізу, қызметтерді көрсету мерзімі (қазақ тілінде)" деген жолақта – қазақ тілінде тауарды жеткізу, қызметтерді көрсету мерзімі көрсетіледі;

19) "Тауарды жеткізу, қызметтерді көрсету мерзімі (орыс тілінде)" деген жолақта – орыс тілінде тауарды жеткізу, қызметтерді көрсету мерзімі көрсетіледі;

20) "ӘАОС" деген жолақта – "Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышы" анықтамалығына сәйкес сандық мәнде елді мекеннің коды көрсетіледі;

21) "Тауарды жеткізу, қызметтерді көрсету орны (қазақ тілінде)" деген жолақта – қазақ тілінде тауарды жеткізу, қызметтерді көрсету орны көрсетіледі;

22) "Тауарды жеткізу, қызметтерді көрсету орны (орыс тілінде)" деген жолақта – орыс тілінде тауарды жеткізу, қызметтерді көрсету орны көрсетіледі;

23) "Авanstық төлемнің мөлшері, %" деген жолақта – жоспарланған авanstық төлем мөлшері көрсетіледі;

24) "Өнім берушінің белгісі" деген жолақта – әлеуетті өнім берушілердің жекелеген санаттарында сатып алуды жүргізу белгісі көрсетіледі.

Мемлекеттік орта, техникалық  
және кәсіптік, орта білімнен  
кейінгі білім беру ұйымдарында,  
қосымша білім беретін  
мектептен тыс ұйымдарда білім  
алушыларды тамактандыруды  
ұйымдастыру, сондай-ақ  
мемлекеттік мектепке дейінгі  
ұйымдарда, жетім балалар мен  
ата-анасының қамқорлығынысыз  
қалған балаларға арналған білім  
беру ұйымдарында  
тәрбиеленетін және білім алатын  
балаларды тамактандыруды  
қамтамасыз етуге байланысты  
тауарларды сатып алу  
қағидаларына  
2-қосымша

**Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Нысан  
Бекітемін:

(конкурстық құжаттаманы  
бекіткен адамның Т.А.Ә.)  
Шешім № \_\_\_\_ Күні \_\_\_\_

## Жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттама

(конкурстың атуын, білім беру үйымының атауы бар лотты көрсету)

Тапсырыс беруші (тапсырыс беруші мен үйымдастыруши бір тұлға ретінде әрекет етсе

көрсетілмейді) \_\_\_\_\_

(атауын, орналасқан жерін, БСН, банктік деректемелерін көрсету)

Үйымдастыруши \_\_\_\_\_

(тапсырыс берушінің толық атуын, орналасқан жерін,

БСН, банктік деректемелерін, байланыс телефондарын, электрондық және поча мекенжайын көрсету)

Конкурстық комиссияның хатшысы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә.(бар болса), лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс өнім берушіні таңдау мақсатында өткізіледі \_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметтер немесе тауарлар атуын көрсету).

2. Көрсетілетін қызметті немесе тауарды сатып алу жөніндегі осы конкурс (лот) үшін бөлінген сома \_\_\_\_ теңге (лоттарға бөлгөн жағдайда, әрбір лот үшін сома жеке көрсетіледі), оның ішінде ҚҚС (ҚҚС сомасын санмен және жазумен көрсету)/ҚҚС есептелмей.

3. Осы конкурстық құжаттама мыналарды:

1) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушылар санаттарының тізбесін, тауарды жеткізушіні таңдау кезінде 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынатын тауарлардың тізбесін;

2) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес орта білім беру үйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша қызметті (денсаулық сақтауды басқару органдары бекіткен және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларға сәйкес келетін перспективалық мәзір қоса беріле отырып) немесе тауарларды жеткізушіні, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған, техникалық және кәсіптік

, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жеткізушіні тандау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырманы;

3) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жеке және занды тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға арналған өтінімді;

4) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтерді;

5) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8-қосымшаларға сәйкес қызметтерді немесе тауарларды жеткізушіні тандау өлшемшарттарын;

6) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 9-қосымшаға сәйкес Қызметтерді көрсету туралы үлгілік шартты және 10-қосымшаға сәйкес Тауарларды жеткізу туралы үлгілік шартты қамтиды.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімімен қоса көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде конкурсқа қатысуға арналған өтінімнің қамтамасыз етуін төменде аталған нысандардың біреуімен енгізеді:

1) әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

2) банктік кепілдік.

Әлеуетті өнім беруші осы Қағидаларға сәйкес құжаттар топтамасын өтінім беру мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімде веб-порталға орналастырады.

Мемлекеттік орта, техникалық  
және кәсіптік, орта білімнен  
кейінгі білім беру ұйымдарында,  
қосымша білім беретін  
мектептен тыс ұйымдарда білім  
алушыларды тамақтандыруды  
ұйымдастыру, сондай-ақ  
мемлекеттік мектепке дейінгі  
ұйымдарда, жетім балалар мен  
ата-анасының қамқорлығыныңиз  
қалған балаларға арналған білім  
беру ұйымдарында  
тәрбиеленетін және білім алатын  
балаларды тамақтандыруды  
қамтамасыз етуге байланысты  
тауарларды жеткізушіні тандау  
жөніндегі үлгілік конкурстық  
құжаттамаға  
1-қосымша

Ескеरту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нысан

## Көрсетілетін қызметті алушылар санатының тізбесі

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### бойынша конкурс

#### (конкурсты ұйымдастырушының толық атауын көрсету)

Лот №	
ҚҚС есебінсіз лот бойынша жалпы сома теңгемен (соманы көрсету)	
Қызмет көрсету мерзімі	
Қызмет көрсету орны	
Барлық тәрбиеленушілер мен білім алушылар оның ішінде, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамактанатын тәрбиеленушілер мен білім алушылар саны	
Оның ішінде:	
"Білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге арналған қаражатты қалыптастыру, бағыттау және бөлу қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қантардағы № 64 қаулысына (бұдан әрі – ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қантардағы № 64 Қаулысы) сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамактандырумен камтамасыз етілетін балалар саны	
басқалар (балалардың санаты мен санын көрсету)	
Күніне 1 балаға тамактану күны (теңгемен)	
ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қантардағы № 64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты	

есебінен тамақтанумен қамтамасыз етілетін балалар үшін тамақтану құны	
басқа санаттар үшін тамақтану құны (санаты мен құнын көрсету)	
Мектеп жаңындағы лагерь	
Мектеп жаңындағы лагерьдегі балалар саны	
оның ішінде, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын тәрбиеленушілер мен білім алушылар саны	
Оның ішінде:	
ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақтанумен қамтамасыз етілетін балалар саны	
басқалар (балалардың санаты мен санын көрсету)	
Күніне 1 балаға тамақтану құны (тенгемен)	
ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақтанумен қамтамасыз етілетін балалар үшін тамақтану құны	
басқа санаттар үшін тамақтану құны (санаты мен құнын көрсету)	

Ескерту:

Күні

Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жеткізушіні тандау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 2-қосымша

**Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

Нысан

**Сатып алынатын тауарлардың тізбесі**

## **бойынша конкурс**

### **(толық атауын көрсету)**

Лот №	Тапсырыс берушінің атауы	Тауардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі
1	2	3	4	5

### **кестенің жалғасы**

Жеткізу шарты	Тауарларды жеткізу мерзімі	Тауарларды жеткізу орны	Аванстық төлем мөлшері, %	Сатып алу үшін бөлінген сома (№ лот бойынша), теңге	оның ішінде бюджет каражаты
6	7	8	9	10	11

**Ескертпе:**

**3-тармақ бойынша тауардың атауы:**

Тауарлардың сипаттамасы техникалық тапсырмада жазылған жағдайда, бұл бағанда тауардың қысқаша атауы және әрбір позиция бойынша техникалық тапсырманың нақты бөліміне сілтеме көрсетіледі

\* Тауарлардың толық сипаты мен сипаттамасы техникалық тапсырмада көрсетіледі

**Күні**

Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 3-қосымша

**Ескерту.** 3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

**Жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма**

Сатып алу нөмірі:	
Конкурстың атауы:	

Лот №	
Лоттың атасы	
КҚС есебінсіз лот бойынша жалпы сома теңгемен (соманы көрсету)	
Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет. Осы техникалық тапсырмада _____ (білім беру ұйымының атасын көрсету) білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет сәйкес келуі тиіс сапалық және сандық сипаттамалар жазылады.	
Барлық тәрбиеленушілер мен білім алушылар оның ішінде, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын тәрбиеленушілер мен білім алушылар саны	
Оның ішінде:	
ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектепте тамақтандырумен қамтамасыз етілетін балалар саны	
басқалар (балалардың санаты мен санын көрсету)	
Күніне 1 балаға тамақтану құны (тенгемен)	
ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектепте тамақтандырумен қамтамасыз етілетін балалар үшін тамақтану құны	
басқа санаттар үшін тамақтану құны (санаты мен құнын көрсету)	
Мектеп жаңындағы лагерь	
Мектеп жаңындағы лагерьдегі балалар саны	
оның ішінде, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын тәрбиеленушілер мен білім алушылар саны	
Оның ішінде:	
ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектепте тамақтандырумен қамтамасыз етілетін балалар саны	
басқалар (балалардың санаты мен санын көрсету)	
Күніне 1 балаға тамақтану құны (тенгемен)	
ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектепте тамақтандырумен қамтамасыз етілетін балалар үшін тамақтану құны	
басқа санаттар үшін тамақтану құны (санаты мен құнын көрсету)	

(білім беру ұйымының атасын көрсету) балалардың тамақтануын ұйымдастыру кезіндегі негізгі мақсаттары мен

міндеттері окушыларды тамақтық заттар мен энергияға жас ерекшеліктеріне сәйкес теңгерімді тамақтандырумен қамтамасыз ету болып табылады.

Білім алушыларды тамақтандыру \_\_\_\_\_ (білім алушыларды тамақтандыру үйымдастырылатын орынды көрсету, асхана және (немесе) буфет) жүзеге асырылады.

Қызметті жеткізуши ас блогының және оның персоналының жұмысына басшылық жасайды, сондай-ақ тамақ дайындау технологиясының, азық-түлік салудың, порциялардың шығу нормаларының сақталуын, білім алушыларға азық-түлік пен тағамдардың ұсынуын және жеткізілетін өнімдердің сапасын бақылауды, оларды сақтау және өткізу қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

Қызметті жеткізуши ас блогында, өндірістік және қойма үй-жайларында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етеді.

Қала мектептерінде қызметті жеткізуши Шарт заңды күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде ас әзірлейтін асхананың ас блогында бейнебақылау жүйесін орнатады және Тапсырыс берушіге объектіде орнатылған бейнебақылау жүйесімен бөлінген бейне сигнал (бейнекамералар) көзі бар нақты уақыт режимінде тағамдарды дайындау процесінің бейне ағындарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бейнебақылау жүйесі арқылы түсірілген материалдар білім беру үйімінде келесі 10 жұмыс күні ішінде сақталады. Шарттың қолданылу мерзімі өткен соң аталған жабдық жеткізушінің меншігінде қалады.

Қызметті жеткізуши Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және салық заңнамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес асханада төлемдерді қабылдауды қамтамасыз етеді.

Тағамдарды, буфет өнімдерін, сусындарды, шөлмектегі суды өткізу конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылады.

Тамақтануды үйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қарашадағы № 456 бүйріғымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30534 болып тіркелген) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес тіркеу және есеп беру функциясы бар аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы тегін тамақпен қамтылған білім алушыларды есепке алу жүзеге асырылады.

Өнім беруші халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес білім беру үйімінің тағамдар мен аспаздық өнімдердің (брәкераж) сапасын органолептикалық бағалау журналын жүргізуі үшін жағдайды қамтамасыз етеді.

Өнім беруші білім алушылардың тамақтануын үйымдастыруға байланысты мәліметтерді күн сайын және Тапсырыс берушінің талабы бойынша білім беру

ұйымының сайтында орналастыру үшін (тағамның суреті бар ас мәзірі, атауы, бағасы) ұсынады.

Онім беруші тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялар (брәкераждық), тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топтар мүшелерінің ас блогына кіруін қамтамасыз етеді.

Тағамдардың, тамақ өнімдерінің және аспаздық өнімдердің тұтынушылық қасиеттері, олардың органолептикалық қасиеттері, дайындау технологиялары мен шарттары балаларға арналған тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттеріне сәйкес келуі тиіс.

Мектептегі тамақтанудың базалық ұйымынан \_\_\_\_\_ (білім беру ұйымының атауын көрсету) асханаына және (немесе) буфетіне тағамдарды жеткізу жағдайында тиісті температураның сақталуын қамтамасыз ететін арнайы ыдыстар (термоконтейнерлер) пайдаланылады.

Оқу процесі кезеңінде білім алушыларға ыстық тамақ: бірінші ауысым үшін \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ (уақыты мен үзілісті көрсету), екінші ауысым үшін \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ (уақыты мен үзілісті көрсету). Жазғы мектеп жанындағы лагерь қызметі кезінде \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ (тамақтану уақыты мен атауын көрсету)

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтану кестесі білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_ (басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) бекіткен белгіленген тамақтану режиміне сәйкес белгіленеді.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келетін буфет өнімдерін сатуға жағдай жасалады. Буфет өнімдеріне, оның ішінде шырындарды, сусындарды, бөтелкедегі суды өткізу кезінде бағаларға өзгеріс енгізу ағымдағы кезеңдегі инфляция деңгейіне сәйкес және мемлекеттік сатып алу порталында көрсетілетін қызметтерге (1 білім алушыға арналған тағамға) және (немесе) тауарларға орташа баға шегінде жүзеге асырылады.

Дайын аспаздық өнімдер мен тамақ өнімдерін өткізу \_\_\_\_\_ сағатта жүзеге асырылады (асхананың және (немесе) буфеттің жұмыс уақыты көрсетіледі).

Онім беруші ай сайын \_\_\_\_\_ (орта білім беру ұйымы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) мынадай мәліметтер ұсынады:

-білім алушылар үшін олардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарды қоса бере отырып, пайдаланылатын тамақ өнімдерінің тізбесі туралы;

-конкурс кезінде көрсетілген ас блогы қызметкерлерінің сандық және сапалық құрамының сәйкестігі туралы.

Онім беруші міндетті түрде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесін Тапсырыс берушімен бекітеді.

Нақты тамақтану рационы перспективалық мәзірге сәйкес келуі тиіс.

Оқушылардың жекелеген санаттары үшін (оқушылардың санаттарын көрсету) жеңіл (диеталық) тамақтану ұйымдастырылады.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларға өзімен бірге әкелінген тамақты ішүү үшін қажетті жағдайлар жасалады.

Қызметті жеткізуі дайын тағамдарды дайындау технологиясын сақтау және калориялығына сәйкес болу үшін ас блоктарында тағам дайындаудың бірыңғай картотекасының (технологиялық карталар) болуын қамтамасыз етеді.

Тағамдар картотекасын пайдалану арқылы тамақты дайындау жүзеге асырылады, онда өнімдердің таратылуы, тағамдардың түсімі, әр тағамның құрамы туралы және оның тағамдық құндылығы (ақуыздың, майлардың, көмірсулардың, витаминдердің болуы) және әр тағамның (аспаздық бұйымның) энергетикалық құндылығы (калориялығы) мен әр тамақты қабылдау жиынтығы туралы толық ақпарат көрсетіледі.

Асхананың ас блогында тағамдар мен аспаздық өнімдерді дайындаудың технологиялық процесін қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыруды өндіріс менгерушісі қамтамасыз етеді.

Ас блогында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қажетті құжаттама (тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналы, "С-витаминдеу" журналы, тағамдар мен аспаздық бұйымдардың сапасын органолептикалық бағалау журналы, ас блогы қызметкерлерін тексеру нәтижелерінің журналы, бір айдағы Тамақ өнімдері нормаларының орындалуын бақылау ведомостары, ас мәзірін, дайындалатын тағамдардың технологиялық картасын, тамақ өнімдеріне кіріс құжаттарын, келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттарды (атап көрсету: жүккүжаттар, сәйкестік сертификаттары, сапа күәліктері, ветеринариялық-санитариялық сараптама құжаттары, ұсыныс-пікірлер кітабы) тұрақты түрде болады.

Өнім берушіде қызмет көрсету басталар алдында жұмыс істеуге рұқсаты бар ас блогының әрбір қызметкерінің медициналық кітапшалары болады.

Өнім беруші қызмет көрсетуді бастамас бұрын өндірістік бақылау жоспарын бекітеді және тапсырыс берушіге (ұйымдастырушуға) тиісті растайтын құжаттармен қоса жоспардың көшірмесін ұсынады.

Өнім беруші қолда бар технологиялық, тоқазытқыш және санитариялық-техникалық жабдықтардың жарамдылығын және уақытында мемлекеттік тексеруді (өлшеу құралдары үшін) қамтамасыз етеді, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес тамақ өнімдерін жеткізуді ұйымдастырады.

Білім беру ұйымында қажетті технологиялық, тоқазытқыш және санитариялық-техникалық жабдықтар мен мүкәммал болмаған жағдайда өнім беруші қызмет көрсету процесінде олардың болуын қамтамасыз етеді.

Тауарларды жеткізу. Техникалық тапсырмада жеткізілетін тауарлар сәйкес келуі тиіс сатып алынатын тауарлардың толық сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамалары, кепілдік мерзімі, шығу тегі жазылады.

Тауарларға арналған техникалық тапсырмада функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамалардың сипаты функционалдық шектерін, техникалық сипаттамалардың параметрлерін, үздік сипаттаманы айқындау мақсаттары үшін тауардың мақсатын қамтитын тиісті бөлімдерге бөлінуі тиіс.

Сатып алынатын тاماқ өнімдері Қазақстан Республикасының тاماқ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Ескерту.

Орындаушыға әрбір сипаттамалар мен қосымша шарттар жеке жолда көрсетіледі.

Күні

Мемлекеттік орта, техникалық  
және кәсіптік, орта білімнен  
кейінгі білім беру ұйымдарында,  
қосымша білім беретін  
мектептен тыс ұйымдарда білім  
алушыларды тамактандыруды  
ұйымдастыру, сондай-ақ  
мемлекеттік мектепке дейінгі  
ұйымдарда, жетім балалар мен  
ата-анасының қамкорлығының  
қалған балаларға арналған білім  
беру ұйымдарында  
тәрбиеленетін және білім алатын  
балаларды тамактандыруды  
қамтамасыз етуге байланысты  
тауарларды жеткізушін тандау  
жөніндегі ұлғілік конкурстық  
кужаттамага  
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

### Конкурсқа қатысуға өтінім (занды тұлғалар үшін)

Кімге \_\_\_\_\_

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Кімнен \_\_\_\_\_

(әлеуетті өнім берушінің толық атауы)

1. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер:

Әлеуетті өнім берушінің заңды, пошталық мекенжайы және байланыс телефондары	
Заңды тұлғаның банктік деректемелері (БСН, БСК), сондай-ақ заңды тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Заңды тұлғаның бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	

2.

(заңды тұлғаның толық атауы)

осы өтініммен

(конкурстың, лоттың (бар болса) толық атауы)

конкурсына әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстың құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес

(қажетін көрсету керек)

қызмет көрсетуді немесе тауарлар жеткізуді жүзеге асыруға келісім береді.

3.

(заңды тұлғаның толық атауы)

осы өтініммен заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын растайды.

4.

(заңды тұлғаның толық атауы)

конкурстың құжаттамамен танысқанын және конкурсты үйымдастырушыға және конкурстың комиссияға өзінің құқықтық қабілеті, біліктілігі, сапалық және

көрсетілетін қызметтердің немесе сатып алынатын тауарлардың (қажетін көрсету керек) өзге де сипаттамалары туралы дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін жауапкершілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулер туралы хабардар етілгендейгін растайды.

(заңды тұлғаның толық атауы)

осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін өзіне жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы конкурстың өтінім конкурсықа қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде қолданылады.

6.

(заңды тұлғаның толық атауы)

конкурс жеңімпазы деп танылған жағдайда, біз шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының кемінде үш пайызын құрайтын сомада енгізуге міндеттенеміз.

7. Конкурсқа қатысуға өтінім конкурсты ұйымдастырушы мен әлеуettі өнім берушінің арасындағы міндепті шарттың рөлін атқарады.

Күні

Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамактандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының камкорлығының қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алғышын балаларды тамактандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жеткізушиңі таңдау жөніндегі ұлгілік конкурстың құжаттамаға 5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

Нысан

### Конкурсқа қатысуға өтінім (жеке тұлға үшін)

Кімге \_\_\_\_\_  
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Кімнен \_\_\_\_\_  
(әлеуettі өнім берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

1. Конкурсқа қатысуға үміткер жеке тұлға (әлеуettі өнім беруші) туралы мәлімет:

Жеке тұлғаның – әлеуettі өнім берушінің жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Жеке тұлғаның – әлеуettі өнім берушінің тіркелген мекенжайы Дара кәсіпкердің орналасқан мекенжайы	
Жеке тұлғаның – әлеуettі өнім берушінің банктік деректемелері (ЖСН, БСН, БСК, ЖСК), сондай-ақ жеке тұлғага қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Жеке тұлға – әлеуettі өнім берушінің байланыс телефондары, пошта мекенжайы мен электрондық пошта мекенжайы (болған жағдайда)	

2. \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаныңтегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі)

осы өтініммен конкурсқа (конкурстың толық атауын көрсету) әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстың құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес \_\_\_\_\_ (қажеттісін көрсету керек) қызметтер көрсетуді немесе тауарлар жеткізуді жүзеге асыруға келісім білдіреді.

3. \_\_\_\_\_

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

осы өтініммен заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын растайды.

4. \_\_\_\_\_

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

осы өтініммен конкурстың құжаттамамен танысқанын және конкурсты үйымдастырушыға өзінің құқығы, біліктілігі, көрсетілетін қызметтер мен сатып алынатын тауарлардың сапалық және өзге де сипаттамалары туралы (қажеттісін көрсету) дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулер туралы хабардар етілгендейгін растайды.

---

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтер бергені үшін өзіне жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы конкурстың өтінім конкурсы қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде қолданылады.

6. \_\_\_\_\_

(әлеуетті өнім берушінің атауы) конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының кемінде үш пайызын құрайтын сомада енгізуге міндеттенеді.

7. Конкурсқа қатысуға өтінім конкурсты үйымдастырушы мен әлеуетті өнім берушінің арасындағы міндетті шарттың рөлін атқарады.

Күні

Мемлекеттік орта, техникалық  
және кәсіптік, орта білімнен  
кейінгі білім беру үйымдарында,  
қосымша білім беретін  
мектептен тыс үйымдарда білім  
алушыларды тамактандыруды  
үйымдастыру, сондай-ақ  
мемлекеттік мектепке дейінгі  
үйымдарда, жетім балалар мен  
ата-анасының қамқорлығының  
калған балаларға арналған білім  
беру үйымдарында  
тәрбиеленетін және білім алатын  
балаларды тамактандыруды

камтамасыз етуге байланысты  
тауарларды жеткізушін тандау  
жөніндегі үлгілік конкурстық  
құжаттамаға  
6-қосымша

**Ескеरту. 6-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Нысан

### **Әлеуettі өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер**

(әлеуettі өнім беруші көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде толтырады)

1. Әлеуettі өнім берушінің атауы \_\_\_\_\_
2. Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті көрсету үшін \_\_\_\_\_

(әлеуettі өнім берушінің атауын, тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсету)  
әлеуettі өнім берушіде қажетті штат қызметкерлері бар.

Қызметкерлердің жалпы саны \_\_\_\_\_ құрайды, оның ішінде растайтын құжаттарының көшірмелері бар \_\_\_\_\_ аспазшы, \_\_\_\_\_ өндіріс менгерушісі, \_\_\_\_\_ диетолог немесе диеталық бике \_\_\_\_\_ басқа қызметкер бар:

Кызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ЖСБ	Аспаз (қоғамдық тамақтандыру саласында) біліктілігі берілген білімі (орта-арнайы, техникалық және кәсіптік, жоғары білім) және мамандығы (диплом, куәлік №), разряды (сертификаттың, куәліктің №)	Қысқа мерзімді курстар, біліктілігі (куәлік № және (немесе) сертификат №)	Лауазымы (ҚР Еңбек кодексіне сәйкес лауазымын көрсете отырып, еңбек катынастары туралы растайтын құжаттың күні, № (болған жағдайда))
1	2	3	4

3. Растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып,

(әлеуettі өнім берушінің атауын көрсету)

конкурс өткізілетін тиісті аймақта өткен 7 жылда көрсетілген қызмет көрсету нарығындағы көрсетіледін қызметтердің көлемі

Көрсетілген қызметтердің атауы	Тапсырыс берушілердің атауы	Қызметтерді көрсету орны, жылы
--------------------------------	-----------------------------	--------------------------------

4. Әлеуettі өнім беруші қызмет көрсетуге арналған бар ресурстар туралы қосымша мәліметтерді көрсетеді.

Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын.

Күні

Әлеуettі өнім беруші туралы мәліметтер

(әлеуettі өнім беруші тауарларды сатып алу кезінде толтырады)

1. Әлеуettі өнім берушінің атауы \_\_\_\_\_

2. Растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, конкурс өткізілетін тиісті аймақта өткен 7 жылда әлеуettі өнім беруші жеткізген (өндірген) конкурста сатып алынатын үқсас тауарлардың көлемі, теңгемен \_\_\_\_\_

Тауардың атауы	Тапсырыс берушілердің атауы және олардың телефон нөмірлері	Тауарды жеткізу орны және күні	Шарттың құны, теңге (әлеуettі өнім берушінің қалауы бойынша көрсетіледі)
----------------	--	--------------------------------	--

Барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын.

Күні

Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйымдарда білім алушыларды тамактандыруды үйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығыныңиз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамактандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жеткізушіні тандау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттамаға 7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**Көрсетілетін қызметті жеткізушіні тандау өлшемшарттары**

Ескерту. 7-қосымшага өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 19.02.2024 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Өлшемшарттар	Балдар	Әлеуettі өнім берушінің көрсетілген аумақта мемлекеттік орта білім беру үйымдарының	Әлеуettі өнім берушінің көрсетілген аumaқta басқа
	Кызмет көрсету нарығында тиісті аймақта өткен 7	Әлеуettі өнім берушінің көрсетілген		

1.	жылдағы жұмыс тәжірибесі (5 балдан артық емес)	аумакта кызмет көрсету нарығында жұмыс тәжірибесі жок - 0 балл	б ілім алушылары мен тәрбиеленушіле рін тамақтандыруды үйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесі – әр 12 айға 1 балдан	көгамдық тамақтану объектілерінде тамақтандыруды үйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесі – әр 12 айға 1 балдан
2.	Аспаз біліктілігі берілген (көгамдық тамақтандыру саласында) арнайы орта білімі (2007 жылғы 27 шілдеге дейін білімі туралы құжатты алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік, жоғары білімі бар аспаздың болуы (білім бе ру үйымдарында 1300-ге дейін білім алушы болған кезде - балдан аспайды, - білім беру үйымдарында 1301 және одан да көп білім алушы болған кезде - 10 балдан аспайды )	Арнайы орта білім (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білімнің, 3 разрядтың болуы (1 балл)	Арнайы орта білім (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білімнің, 4 разрядтың болуы (2 балл)	Арнайы орта білімі (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білімнің, 5 және одан жоғары разрядының және (немесе) жоғары білімнің болуы (3 балл)
3.	Аспаздың енбек өтілі 1 жылдан кем емес (4 балдан аспайды)	жок (0 балл)		бар (бір аспазға 1 балл)
	Диетология саласында медициналық білімі мен біліктілігі және (немесе) диетология саласында			

4.	біліктілігін арттырудан қайта даярлаудан) өткен медициналық білімі бар диетологтың немесе диеталық бикенің болуы (1 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Бар (1 балл)
5.	Қоғамдық тамақтану саласында жоғары, орта - техникалық білімі бар технологтың немесе техник – технологтың болуы (2 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Бар (2 балл)

Ескертпе:

1-тармақ бойынша конкурс өткізілетін тиісті аймақта ағымдағы жылдың өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесінің болуы:

орта мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен, осы шарттардың орындаудың әрбір айы үшін көрсетілген қызметтер актілерімен және шот-фактуралармен, мемлекеттік занды тұлғалардың асханаларын мүліктік жалдау (жалға беру) шарттарының көшірмелерімен расталады.

Шартта (қосымша келісімде) көрсетілген жазғы каникул айларында (маусым-тамыз айлары) қызметтер ұсынылған жағдайда, осы айлар үшін көрсетілген қызметтер актілері мен шот-фактуралар қосымша ұсынылады;

конкурс өткізілетін тиісті аймақта басқа қоғамдық тамақтану обьектілерінде тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша:

көрсетілетін қызметті ұсыну кезінде – бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен, осы шарттардың орындалуының әрбір айы үшін көрсетілген қызметтер актілерімен және шот-фактуралармен, обьектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмелерімен;

басқа қоғамдық тамақтану обьектілерінде тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде әлеуетті өнім берушінің атына берілген обьектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қоса бере

отырып, қоғамдық тамақтану обьектісіне құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелерімен (жекеменшік, (меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін), жалдау, өтеусіз пайдалану, сенімгерлік басқару және т.б. (жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар және т.б. қосымша қоса берілсін) расталады.

Бұл ретте бір мезгілде бірнеше орта білім беру үйымдарында және (немесе) қоғамдық тамақтандыру саласында қызмет көрсету кезінде деректер жинақталмайды. Бір кезең ішінде орта білім беру үйымында және қоғамдық тамақтандыру саласында бір мезгілде қызмет көрсеткені туралы растаушы құжаттар ұсынылған жағдайда орта білім беру үйымдарындағы жұмыс тәжірибесі ескеріледі. Орта білім беру үйымындағы және қоғамдық тамақтандыру саласындағы жұмыс тәжірибесін жинақтауға жол берілмейді.

-2, 4, 5-тармақтар бойынша әлеуетті өнім беруші өтінім берген сәтте ҚР Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлердің еңбек қызметін, "Білім туралы" ҚР Заңына сәйкес кәсіптік білімі туралы құжаттарды, разрядын растайтын, сондай-ақ маманың жеке басын куәланыратын құжаттардың көшірмелерін ұсынған кезде тиісті балдар қойылады. Құжаттар құжаттардың түпнұсқаларынан (төлнұсқаларынан) электрондық көшірмелер түрінде ұсынылады.

Аспаз біліктілігі бар білімі болған жағдайда аспаздың біліктілігін (разрядын) арттыру уәкілетті орган белгілеген үлгідегі электрондық көшірмесі құжатпен расталады.

Медициналық білімі болған жағдайда, диетология саласында біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау уәкілетті орган белгілеген үлгідегі құжаттың электрондық көшірмесімен расталады.

3-тармақ бойынша жұмыс өтілі болған кезде қызметкердің еңбек өтілін растайтын құжат аударылған міндепті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірменің немесе жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан алынған мәліметтердің электрондық көшірмесі және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35 бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі болып табылады. Бұл ретте қызметкердің еңбек өтілі соңғы бес жылда ескеріледі.

Бір қызметкер бірнеше лауазымдарды қоса атқарған жағдайда балдар өлшемшарттардың біреуі бойынша ғана қойылады.

Әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп жарияланған және (немесе) шартқа сәйкес ағымдағы конкурсты өткізу кезеңінде қызмет көрсететін және (немесе) басқа үйымда қызметін жүзеге асыратын бұрын өткізілген конкурстарда әлеуетті өнім беруші ұсынған аспаздардың болуы туралы мәліметтерді ұсынған кезде конкурстық комиссия балл қоймайды. Қызметкерлер туралы мәліметтерді тексеруді конкурсты үйимдастырушы веб-порталда жүзеге асырады.

Орындаушыға әрбір сипаттамалар мен қосымша шарттар жеке жолда көрсетіледі.

Мемлекеттік орта, техникалық  
 және кәсіптік, орта білімнен  
 кейінгі білім беру үйымдарында,  
 қосымша білім беретін  
 мектептен тыс үйымдарда білім  
 алушыларды тамақтандыруды  
 үйымдастыру, сондай-ақ  
 мемлекеттік мектепке дейінгі  
 үйымдарда, жетім балалар мен  
 ата-анасының қамқорлығының  
 қалған балаларға арналған білім  
 беру үйымдарында  
 тәрбиеленетін және білім алатын  
 балаларды тамақтандыруды  
 қамтамасыз етуге байланысты  
 тауарларды жеткізушиңі тандау  
 жөніндегі үлгілік конкурстық  
 құжаттамаға  
 8-қосымша

**Ескерту.** 8-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

Нысан

### **Тауарларды жеткізушиңі тандау өлшемшарттары**

**Ескерту.** 8-қосымшага өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 31.07.2025 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

№	Өлшемшарттар	Балдар	
1.	Әлеуетті өнім берушінің тиісті аймақта конкурстың мәні болып табылатын тауар нарығындағы өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі	Жоқ (0 балл)	Әр 12 айға 1 балдан, бірақ 5 балдан аспайды
2.	Конкурстың (лоттың) мәні болып табылатын қазақстанда шығарылған тауарды өндірушінің мәртебесін растайтын құжаттың болуы	Жоқ (0 балл)	Бар (3 балл)
3.	Азық-түлікті арнайы автокөлікпен жеткізу шарттары (3 балдан аспайды)	Жалдап алу, өтеусіз пайдалану, лизинг және басқа шарттар негізінде көліктің болуы (2 балл)	Жеке көлігінің болуы (3 балл)

Ескертпе:

–1-тармақ бойынша конкурс өткізілетін тиісті аймақта ағымдағы жылдың өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесінің болуы тауарларды жеткізу кезеңі, осы шарттарды орындаудың әрбір айы үшін тауарларды қабылдау-тапсыру актілері көрсетіле отырып, бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен расталады.

Бұл ретте бір кезең ішінде тауарларды бір мезгілде бірнеше ұйымға (бірнеше тапсырыс берушіге) жеткізу кезінде деректер жинақталмайды;

–2-тармақ бойынша әлеуетті өнім берушінің біріккен лотқа қатысуы кезінде балдар, әлеуетті өнім беруші – Қазақстанда шығарылған тауар өндіруші тауарды (ларды) сертификаттау туралы құжатты ұсынған кезде осы конкурстың (лоттың) тауарларының кемінде 20%-ына (жиырма пайзына) қойылады.

Бұл ретте бір кезең ішінде тауарларды бір мезгілде бірнеше ұйымға (бірнеше тапсырыс берушіге) жеткізу кезінде деректер жинақталмайды;

–3-тармақ бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2021 жылғы 11 қантардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген "Жолаушылар мен жүктөрді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) талаптарына сәйкес мамандандырылған көліктің бар болуына арналған құжаттар (автокөліктің техникалық сипаттамаларын, автокөлікке техникалық паспорттың мәліметтерін (№, берілген күні, автокөліктің маркасы, автокөліктің мемлекеттік тіркеу нөмірі, иесі), эпидемиялық маңыздылығы елеусіз объект қызметінің (пайдалануының) басталғаны туралы хабарлама ұсынылған кезде тиісті балл қойылады.

Орындаушыға әрбір сипаттамалар мен қосымша шарттар жеке жолда көрсетіледі.

Мемлекеттік оргта, техникалық  
және кәсіптік, орга білімнен  
кейінгі білім беру ұйымдарында,  
қосымша білім беретін  
мектептен тыс ұйымдарда білім  
алушыларды тамақтандыруды  
ұйымдастыру, сондай-ақ  
мемлекеттік мектепке дейінгі  
ұйымдарда, жетім балалар мен  
ата-анасының қамқорлығының  
қалған балаларға арналған білім  
беру ұйымдарында  
тәрбиленетін және білім алатын  
балаларды тамақтандыруды  
қамтамасыз етуге байланысты  
тауарларды жеткізушіні тандау  
жөніндегі үлгілік конкурстық  
құжаттамаға  
9-қосымша

Ескерту. 9-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## Қызмет көрсету туралы үлгілік шарт

"\_\_\_" \_\_\_\_ ж.

(өткізілетін орны)

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын \_\_\_\_\_  
\_ (конкурсты ұйымдастырушының толық атауын көрсету) атынан \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) бір тараптан және бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін (Жарғының көшірмесі және басқалар)  
\_ (жеткізуінің – конкурс жеңімпазының толық атауы) атынан \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) екінші тараптан, көрсетілетін қызметті жеткізуіні таңдау жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы "\_\_\_" \_\_\_\_ 20\_\_\_\_ жылы жасалған хаттама негізінде қызмет көрсету туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

### 1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Қызметті оның ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмада көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және бағалар бойынша көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметті қабылдауға және Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында ол үшін ақы төлеуге міндеттенеді:

"Ерекшелік коды" ерекшелігі бойынша – "№ ерекшелік бойынша шарт мәнінің қысқаша сипаттamasы";

"Ерекшелік коды" ерекшелігі бойынша – "№ ерекшелік бойынша шарт мәнінің қысқаша сипаттamasы".

1.2. Төменде келтірілген құжаттар мен онда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) техникалық тапсырма;
- 3) Шартты орындауды қамтамасыз ету.

1.3. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) "Дүлей күш (Форс-мажор)" – төтенше және тойтаруға болмайтын оқиғалар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары). Мұндай оқиғаларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың нарықта болмауы жатпайды ;

- 2) "Тапсырыс беруші" – орган немесе орта білім беру ұйымы;
- 3)"Өнім беруші" – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін жеке тұлға немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);
- 4) "Шарт" – Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;
- 5) "Шарттың бағасы" – Тапсырыс беруші Шарттың шенберінде Өнім берушіге шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төлейтін сома.

Тараптар осы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса, жауапкершілік алмайды.

## **2. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары**

2.1. Шарттың жалпы сомасы \_\_\_\_\_ ("сома жазумен") теңгені құрайды және қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды қамтиды, оның ішінде ҚҚС "ҚҚС сомасы" / "ҚҚС есепке алмағанда" (бұдан әрі – Шарттың сомасы).

2.2. Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт "Бағдарламаның коды мен атауы" бюджеттік бағдарламасы, "Кіші бағдарламаның коды мен атауы" кіші бағдарламасы, "Ерекшелік коды мен атауы" – "ерекшелік бойынша сома" теңге ерекшелігі бойынша ("ерекшелік бойынша сома жазумен"), "оның ішінде ҚҚС" "ҚҚС сомасы" теңге/ "ҚҚС есепке алмағанда" "\_\_\_\_\_" жылға тіркеуге жатады.

2.3. Көрсетілген қызмет үшін төлемді Тапсырыс беруші көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған құннен бастап қүнтізбелік 30 (отыз) құннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару "төлем шарты" арқылы жүргізеді.

Қызмет көрсету актісінің нысанын Өнім беруші Тапсырыс берушімен алдын ала келіседі.

2.4. Көрсетілетін қызметтердің көлемі сандық және құндық мәнде техникалық тапсырмада айтылған.

## **3. Тараптардың міндеттемелері**

- 3.1. Өнім беруші:
  - 1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісті орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттамада, техникалық тапсырмада көрсетілген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Шарттың талаптарын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндетті. Көрсетілген ақпарат осы персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуі тиіс;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

5) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

6) Өнім берушінің Шарт талаптарын тиісінше орындауынан және/немесе өзге де заңсыз әрекеттерден туындаған өзіне келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге;

7) көрсетілген қызметтер актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге жіберуге;

8) Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазып беруге міндеттенеді.

3.2. Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін төлемді талап етуге құқылы.

3.3. Тапсырыс беруші:

1) қызметтер көрсету үшін Өнім беруші мамандарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

2) көрсетілген Қызметтердің сәйкесіздіктері анықталған кезде тез арада Өнім берушінің жазбаша хабарландыруға;

3) Қызметті қабылдау кезінде Көрсетілген қызмет актісіне қол қоюға не оның қабылданбауының дәлелді негізdemelerін көрсете отырып қабылдаудан бас тартуға;

4) көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіpte және мерзімдерде төлем жүргізуғе міндеттенеді

3.4. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтердің сапасын тексеруге құқылы.

4. Қызметтердің техникалық тапсырмаға, конкурстық өтінімге сәйкестігін тексеру

4.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкестігі мәніне бақылау және тексеру жүргізе алады. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өздерінің өкілдері туралы уақтылы жазбаша түрде хабардар етуге тиіс.

4.2. Осы Шарт шенберінде көрсетілетін Қызметтер техникалық тапсырмада, конкурстық өтінімде көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе одан жоғары болуы тиіс.

4.3. Егер тексеру кезінде көрсетілген қызметтердің нәтижелері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші тексеру сәтінен бастап "сәйкессіздіктерді жою мерзімі" ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз конкурстық құжаттама талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шаралар қабылдайды.

4.4. Жоғарыда көрсетілген бірде-бір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

## 5. Қызметтер көрсету

5.1. Өнім берушінің қызметтерді көрсетуі Шартта көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.2. Қызмет Өнім беруші техникалық тапсырмада көрсетілген талаптарға дәл сәйкес келетін қызметті Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда көрсетілген болып есептеледі.

## 6. Кепілдік.

6.1. Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуіне кепілдік береді.

6.2. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы кепілдікке байланысты барлық талаптар туралы жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті, содан кейін Өнім беруші Тапсырыс беруші хабарламада белгілеген мерзімде осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, кемшіліктерді өз есебінен жою жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

## 7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Тараптар осы Шарт шенберіндегі өз міндеттемелерін орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында секвестрлеу және/немесе ақша жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартта көрсетілген мерзімде оған тиесілі қаражатты төлемесе, онда

Тапсырыс беруші Өнім берушіге кешіктірілген әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.3. Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

7.4. Өнім беруші Шарт бойынша қызмет көрсету мерзімі аяқталған күннен бастап бір айдан астам мерзімге қызмет көрсетуден бас тартқан немесе қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, бірақ Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталу мерзімінен кешіктірмей, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын өндіріп ала отырып, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін біреуге толық не ішінара бермеуі тиіс.

7.7. Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты шарт бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

7.8. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдік ақшалай жарнаға тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

7.9. Өнім беруші қызметтерді сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші Жосықсыз өнім берушілердің тізбесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес өнім берушінің міндеттемелерді бұзы фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты қызметтерді жосықсыз жеткізуі деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеді.

## **8. Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1. Шарт "Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркегеннен кейін/қол қойылған күнінен бастап" күшіне енеді және "\_\_\_\_\_ " жылды әрекет етеді.

8.2. Шарт тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде екі рет кейінгі қаржы жылдарына ұзартылады.

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақтанумен қамтамасыз етілетін тәрбиеленушілер мен білім алушылардың саны өзгерген жағдайда шартқа өзгерістер енгізіледі.

8.3. Егер өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, тапсырыс беруші өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта біржакты тәртіппен Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарт талаптарын орындаудан бас тарту дереу жүзеге асырылады және егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту зиян келтірмесе немесе тапсырыс берушіге қойылған немесе кейіннен қойылатын іс-әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, тапсырыс беруші өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттеме алмайды.

8.4. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт жойылған кезде Өнім беруші Шарттың бұзылуына байланысты бұзылу күніне жұмсалған нақты шығындар үшін ғана акы төлеуді талап етуге құқылы.

#### 8.5. Тапсырыс беруші:

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шартты ұзарту кезеңі ішінде қызметтер көрсете алмаса;

2) егер Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орында маса, оның ішінде конкурс кезінде көрсетілген ас блогы қызметкерлерінің сандық және сапалық құрамы сәйкес келмесе;

3) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес жүргізілген тексеріс нәтижелерімен расталған мектептегі асханада қызметтерді жеткізу шарттың кінәсінен балалардың, ересектердің улану фактісі болса, Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға залал келтірмей, Өнім берушіге міндеттемелерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

#### 8.6. Шарт:

1) конкурсқа қатыса отырып, Қағидаларда көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған;

2) конкурсты ұйымдастырушы Өнім берушіге Қағидаларда көзделмеген көмек көрсеткен;

3) уәкілетті орган конкурс қорытындыларына (нұсқама, хабарлама, ұсыну, шешім) ықпал еткен конкурстық рәсімдерді өткізу кезінде бұзушылық фактілерін анықтаған жағдайда, кез келген уақытта бұзылуы мүмкін және міндеттемелер тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, уәкілетті мемлекеттік органдардың актілеріне сәйкес 10 жұмыс күні ішінде конкурс жеңімпазымен шарт жасалады.

8.7. Шарт тараптардың келісімі бойынша, оны одан әрі орындау мақсатсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін. Хабарламада Шартты бұзу себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күшіне енген күні көрсетіледі.

8.8 Шарттың қолданылу мерзімі халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілермен бекітілген, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялардың, ведомствоаралық комиссиялардың үш және одан да көп актілерімен расталған тамақтандыруды ұйымдастыруға қойылатын талаптардың жүйелі түрде бұзылуы анықталған жағдайда, сондай-ақ "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парагтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 27 маусымдағы № 463 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 285 бірлескен бұйрығына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосының аумақтық бөлімшілері өрескел бұзушылықтарды қайта анықтаған жағдайда ұзартылмайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт жойылған кезде Өнім берушіге Шарттың бұзылу күніне дейін жұмсалған нақты шығындар үшін ғана ақы төлеуді жүргізеді.

## **9. Хабарлама**

9.1. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграф, телекс, факс, телекоммуникациялық жағдайда – телефон мен мобил телефон мен интернеттегі мессенджерлерден жүргізіледі.

9.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енудің көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) осы күндердің қайсысы кешірек болуына байланысты күшіне енеді.

## **10. Форс-мажор**

10.1. Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілікте болмайды.

10.2. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3. Шарт мақсаттары үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдарын, табиғи немесе дүлей апаттарды және басқа да жағдайларды қамтуы мүмкін.

10.4. Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## 11. Даулы мәселелерді шешу

11.1. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындаитын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешу үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

11.2. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## 12. Өзге де шарттар

12.1. Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3. Өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да талаптардың өзгермеуі жағдайында жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Тараптардың өзара келісімі бойынша Тапсырыс берушінің мәзірін жақсарту (тамақтану рационын ұлғайту) және тиісінше өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да жағдайлардың өзгермеуі шартымен тараптардың өзара келісімі бойынша шарт сомасын ұлғайту бөлігінде;

2) Шартта көрсетілген қызметтер бірлігі үшін бағаның өзгермеуі жағдайында көрсетілетін қызметтер көлемінде қажеттіліктің азаюына немесе артуына байланысты (мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақпен қамтамасыз етілетін білім алушылардың санына байланысты) Шарт сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде;

3) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау процесінде көрсетілетін қызмет бірлігі үшін бағаның өзгермеуі жағдайында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған анағұрлық жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын ұсынған жағдайда рұқсат беріледі.

Осы Шартқа енгізілетін басқа да өзгерістер мен толықтырулар Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына, Өнім берушінің конкурстық өтініміне және конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес келуге тиіс.

12.4. Шарт бірдей заңды күші бар, веб-портал арқылы жасалған қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

12.5. Шартта реттелмеген бөлік бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

### **13. Тараптардың деректемелері**

Тапсырыс беруші:	Өнім беруші
"Тапсырыс берушінің толық атауы"	"Өнім берушінің толық атауы"
"Тапсырыс берушінің толық заңды мекенжайы"	"Өнім берушінің толық заңды мекенжайы" БСН/ССН/ТЕН
БСН "Тапсырыс берушінің БСН"	"Өнім берушінің БСН/ССН/ТЕН" БСК
БСК "Тапсырыс берушінің БСК"	"Өнім берушінің БСК" ЖСК
ЖСК "Тапсырыс берушінің ЖСК"	"Өнім берушінің ЖСК" "Банктің атауы" Тел.: "Өнім берушінің телефоны" "Тапсырыс берушінің лауазымы" "
"Банктің атауы" Тел.: "Тапсырыс берушінің телефоны" "Тапсырыс берушінің лауазымы" "Тапсырыс берушінің ТАӘ"	"Өнім берушінің ЖСК" "Банктің атауы" Тел.: "Өнім берушінің телефоны" "Өнім берушінің лауазымы" "Өнім берушінің ТАӘ"

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есепке алу нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамактандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын

балаларды тамактандыруды  
қамтамасыз етуге байланысты  
тауарларды жеткізушіні таңдау  
жөніндегі үлгілік конкурстық  
құжаттамаға  
10-қосымша

Ескерту. 10-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - КР Оқу-агарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

## Тауарларды жеткізу туралы үлгілік шарт

" " ж.

(өткізілетін орын)

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын \_\_\_\_\_ (конкурсты ұйымдастырушының толық атауын көрсету) атынан \_\_\_\_\_ (басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) бір тараптан және бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін (Жарғы және басқалар) \_\_\_\_\_ (жеткізушінің – конкурс жеңімпазының толық атауы) атынан \_\_\_\_\_ (басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) екінші тараптан, тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы "\_\_\_" \_\_\_\_ 20\_\_\_\_ жылы жасалған хаттама негізінде тауарларды жеткізу туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

### 1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші техникалық тапсырманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмада көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және бағалар бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауға және Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында ол үшін ақы төлеуге міндеттенеді:

"Ерекшелік коды" ерекшелігі бойынша – "1-ерекшелік бойынша шарт мәнінің қысқаша сипаттамасы";

"Ерекшелік коды" ерекшелігі бойынша – "N-ерекшелік бойынша шарт мәнінің қысқаша сипаттамасы".

1.2. Төменде келтірілген құжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлар тізбесі;
- 3) техникалық тапсырма;
- 4) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету.

1.3. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

- 1) "Дүлей күш (форс-мажор)" – төтенше және тойтаруға болмайтын оқиғалар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары). Мұндай оқиғаларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың нарықта болмауы жатпайды;
- 2) "Тапсырыс беруші" – орган немесе орта білім беру ұйымы;
- 3) "Өнім беруші" – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);
- 4) "Шарт" – Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;
- 5) "Шарттың бағасы" – Тапсырыс беруші Шарттың шенберінде Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төлейтін сома.

Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе жартылай орындаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса, жауапкершілік алмайды.

## 2. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы \_\_\_\_\_ ("сома жазумен") теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС "ҚҚС сомасы" / "ҚҚС есепке алмағанда" (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2. Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт "Бағдарламаның коды мен атауы" бюджеттік бағдарламасы, "Кіші бағдарламаның коды мен атауы" кіші бағдарламасы, "Ерекшелік коды мен атауы" - "ерекшелік бойынша сома", теңге ерекшелігі бойынша ("ерекшелік бойынша сома жазумен"), "оның ішінде ҚҚС" "ҚҚС сомасы" теңге/ "ҚҚС есепке алмағанда" "\_\_\_\_\_" жылды тіркеуге жатады.

2.3. Жеткізілген тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Жеткізушиңің есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен жүргізеді.

2.4. Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауарлар көлемі техникалық тапсырмада көтірілген.

## 3. Тараптардың міндеттемелері

3.1. Өнім беруші:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде тауарлардың конкурстық құжаттамада, техникалық тапсырмада көрсетілген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тауарларды түпкілікті межелі пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бұлінуден сақтай алатын орамын қамтамасыз етуді. Орам қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өндегі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға тәзе алатын болуы қажет.

Бұып-түйлген жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізуідің соңғы пунктінің алыстығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың талаптарын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелердің орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс.

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттерден туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге;

8) тауарларды қабылдау-табыстау актісін ресімдеу және Тапсырыс берушіге жіберуге;

9) Тапсырыс беруші тауарды(ларды) беру актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беруге міндеттенеді.

3.2. Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауар үшін төлемді талап етуге құқылы.

### 3.3. Тапсырыс беруші:

1) Тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

2) Тауардың сәйкесіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) Тауарды қабылдау кезінде оны қабылдамаудың дәлелді негізdemелерін көрсете отырып, тауарды қабылдауға не қабылдаудан бас тартуға міндettенеді.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші не сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды(ларды) беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы Өнім беруші электрондық нысанда жазып берген шот-фактуралардың қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндettенеді

3.4. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге құқықты.

#### **4. Тауарлардың техникалық тапсырмада, конкурстық өтінімге сәйкестігін тексеру**

4.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген тауарлардың конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкестігі мәніне бақылау және тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы мақсаттар үшін белгіленген өздерінің өкілдері туралы уақтылы жазбаша түрде хабардар етуге тиіс.

4.2. Осы Шарт шенберінде жеткізілетін тауарлар техникалық тапсырмада, конкурстық өтінімде көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе одан жоғары болуы тиіс.

4.3. Егер жеткізілген тауарлар тексеру кезінде конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші тексеру сәтінен бастап "сәйкессіздіктерді жою мерзімі" ішінде Тапсырыс беруші тарарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз конкурстық құжаттама талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

4.4. Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру Өнім берушінің аумағында, жеткізу орнында және (немесе) тауарлардың түпкі межелі пунктінде жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім берушінің аумағында өткізілсе, Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық қажетті қаражат берілетін және жәрдем көрсетілетін болады.

4.5. Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндettемелерден босатпайды.

#### **5. Тауарларды жеткізу**

5.1. Өнім беруші Тауарды Тапсырыс берушіге техникалық тапсырмада көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық берген жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

5.2. Осы Шарттың 5.1-тармағындағы талаптар сақталған жағдайда, Өнім берушінің Тауарды қабылдау-табыстау актісін Тапсырыс берушіге жіберген күні Тауарды қабылдау/табыстау күні болып есептеледі.

## 6. Кепілдік. Сапа

6.1. Өнім беруші осы Шарт шенберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыттық қаптамасында, материалы мен орындаудың ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екенине кепілдік береді.

6.2. Сатып алынатын тауарлардың тізбесіне және техникалық тапсырмада сәйкес Тауардың жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда қаптамасын ашу сәтінде қандай да бір жасырын зауыттық ақаулар анықталған жағдайда немесе егер Тауардың сапасы дайындаудың техникалық шарттарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күн мерзімде жарнамалық акт жасайды, ал Өнім беруші күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде және өз есебінен Тауарды жаңасымен алмастырады.

## 7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Тараптар осы Шарт шенберіндегі өз міндеттемелерін орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда, барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Секвестрлеу және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кесіпорынның, дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның қолма-қол ақшаны бақылау шотында ақша жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартта көрсетілген мерзімде өзіне тиесілі қаражатты төлемесе, онда Тапсырыс беруші кешіктірілген әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.3. Тауарды жеткізу мерзімі кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) не міндеттемелерді тиісінше орындаған (ішінара орындаған) жағдайда әрбір мерзімі өткен күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте

тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.4. Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіpte осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

7.7. Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін ешкімге толық немесе ішінара бермеуі тиіс.

7.8. Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына не тиісінше орындауына байланысты оны бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

7.9. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін енгізілген кепілдік ақшалай жарнаға тұластай не бір бөлігінде талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

7.10. Өнім беруші қызметтерді сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындаған не тиісінше орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Жосықсыз өнім берушілердің тізбесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес өнім берушінің міндеттемелерді бұзы фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты қызметтерді жосықсыз жеткізуі деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеді.

## **8. Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1. Шарт "Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органды тіркегеннен кейін/қол қойған күннен бастап" күшіне енеді және "\_\_\_\_\_" жылға дейін қолданылады.

8.2. Шарт тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда шарттың қолданылу мерзімі

аяқталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде екі рет кейінгі қаржы жылдарына ұзартылады.

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақтанумен қамтамасыз етілетін тәрбиеленушілер мен білім алушылардың саны өзгерген жағдайда шартқа өзгерістер енгізіледі.

8.3. Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шарттың талаптарын орындаудан кез келген уақытта біржакты тәртіппен бас тарта алады. Мұндай жағдайда Шарт талаптарын орындаудан бас тарту дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші, егер Шарт талаптарын орындаудан бас тарту Тапсырыс берушіге залал келтірмесе немесе іс-эрекеттер жасауға немесе санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттеме алмайды.

8.4. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындаған туралы жазбаша хабарлама жіберіп:

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаі алмаса, толық немесе ішінара бұза алады.

8.5. Шартта мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда:

1) осы Шарт негізінде жасалған осы Қағидаларда көзделген шектеулерді бұзу анықталған;

2) ұйымдастыруыш Өнім берушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

3) уәкілетті орган конкурс қорытындыларына (нұсқама, хабарлама, ұсыну, шешім) ықпал еткен конкурстық рәсімдерді өткізу кезінде бұзушылық фактілерін анықтаған жағдайда, Шарттың кез келген уақытта бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс және міндеттемелер тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, уәкілетті мемлекеттік органдардың актілеріне сәйкес 10 жұмыс күні ішінде конкурс жеңімпазымен шарт жасалады.

8.6. Шарт тараптардың келісімі бойынша, оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін. Хабарламада шартты бұзу себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күшіне енген күні көрсетіледі.

Шарттың күші жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылғанда, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты нақты шығындар үшін, бұзу күніне ақы төлеуді талап етуге құқылы.

## 9. Хабарлама

9.1. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс бойынша не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## 10. Форс-мажор

10.1. Егер Шарт міндеттемелерінің орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмағаны үшін жауапкершілік алмайды.

10.2. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен босамайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3. Шарт мақсаттары үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қымылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар

10.4. Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## 11. Даулы мәселелерді шешу

11.1. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындаитын барлық келіспеушіліктер немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2. Егер осындай келіссөздерден кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## 12. Өзге де шарттар

12.1. Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3. Өнім берушінің тандауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі жағдайында және басқа да жағдайларда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта көрсетілген қызметтер бірлігі үшін бағаның өзгермеуі жағдайында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азауына немесе артуына байланысты Шарт сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде;

2) егер Өнім беруші онымен жасалған Шартты орындау процесінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермейтін талабы жағдайында неғұрлым жақсы сапалық және (немесе) техникалық сипаттамаларды не тауарларды жеткізу мерзімдерін және (немесе) шарттарын ұсынған жағдайда;

3) тараптардың өзара келісімі бойынша тауарлардың бағасын және тиісінше Шарттың сомасын азайту бөлігінде жол беріледі.

12.4. Шарт бірдей заңды күші бар, веб-портал арқылы жасалған қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

12.5. Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

### 13. Тараптардың деректемелері

Тапсырыс беруші	Өнім беруші
"Тапсырыс берушінің толық атауы"	"Өнім берушінің толық атауы"
"Тапсырыс берушінің толық заңды мекенжайы"	"Өнім берушінің толық заңды мекенжайы" БСН/ССН/ТЕН
БСН "Тапсырыс берушінің БСН"	"Өнім берушінің БСН/ССН/ТЕН" БСК
БСК "Тапсырыс берушінің БСК"	"Өнім берушінің БСК" ЖСК
ЖСК "Тапсырыс берушінің ЖСК"	"Өнім берушінің ЖСК" "Банктің атауы" Тел.: "Өнім берушінің телефоны" "Тапсырыс берушінің лауазымы" "
"Банктің атауы" Тел.: "Тапсырыс берушінің телефоны" "Тапсырыс берушінің лауазымы" " Тапсырыс берушінің ТАӘ>	"Өнім берушінің телефоны" "Өнім берушінің лауазымы" "Өнім берушінің ТАӘ"

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру номірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру номірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру номірі;

ТЕН – төлеушінің есепке алу номірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мемлекеттік орта, техникалық  
және кәсіптік, орта білімнен  
кейінгі білім беру үйимдарында,  
қосымша білім беретін  
мектептен тыс үйимдарда білім

алушыларды тамактандыруды  
ұйымдастыру, сондай-ақ  
мемлекеттік мектепке дейінгі  
ұйымдарда, жетім балалар мен  
ата-анасының қамкорлығының  
қалған балаларға арналған білім  
беру ұйымдарында  
тәрбиеленетін және білім алатын  
балаларды тамактандыруды  
қамтамасыз етуге байланысты  
тауарларды сатып алу  
қағидаларына  
3-қосымша

**Ескерту. 3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Нысан

## **Конкурс туралы хабарландыру**

---

(конкурсты ұйымдастырушының атауы, пошталық және электрондық мекенжайлары, лот №)

мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамактандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамактандыруды қамтамасыз етуге байланысты көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды

---

(сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің немесе тауарлардың атауы)

Қызмет:

---

(қызмет көрсету орны және оның көлемі, көрсетілетін қызметті алушылар санаттарының тізбесі және олардың саны, қызмет көрсетуге бөлінген сома көрсетіледі) көрсетіледі.

Қызметті көрсету мерзімі \_\_\_\_\_

Немесе:

Tayap \_\_\_\_\_

(тауарларды жеткізуудің орны, сатып алынатын тауарлардың тізбесі, тауарларды сатып алуға бөлінген сома көрсетіледі) жеткізіледі.

Тауарларды жеткізудің талап етілетін мерзімі \_\_\_\_\_.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап беретін барлық әлеуетті өнім берушілер конкурсқа жіберіледі.

Өтінімдерді қабылдаудың басталуы \_\_\_\_\_ (уақыты мен күнін көрсету).

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді берудің соңғы мерзімі \_\_\_\_\_ (уақыты мен күнін көрсету керек) дейін.

Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды камтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

### Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді ашу хаттамасы

\_\_\_\_\_ (уақыты мен күні)

Тапсырыс беруші\* \_\_\_\_\_

Конкурс № \_\_\_\_\_

Конкурстың атауы \_\_\_\_\_

Үйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Үйымдастырушының мекенжайы \_\_\_\_\_

Конкурстық комиссияның құрамы:

№	Т. А. Ә.	Лауазымы, жұмыс орны	Комиссиядағы рөлі
---	----------	----------------------	-------------------

Жалпы сомасын көрсете отырып, сатып алынатын қызметтердің немесе тауарлардың тізбесі \_\_\_\_\_

№ p/c	Лот №	Лоттың атауы	Саны	Бірлік бағасы	Бөлінген сома, теңге
-------	-------	--------------	------	---------------	----------------------

Лот № \_\_\_\_\_

Лоттың атасы \_\_\_\_\_

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімді мынадай әлеуекті өнім берушілер үсынды ( өтінім саны):

№	Әлеуекті өнім берушінің атасы	БСН (ЖСН) / ТЕН	Әлеуекті өнім берушінің мекенжайы (облыс, қала, көше, Үй, пәтер)	Өтінімді үсыну күні мен уақыты (хронология бойынша)
---	-------------------------------	-----------------	--	---

Конкурстың құжаттамада көрсетілген құжаттардың болуы (болмауы) туралы ақпарат:

№	Әлеуекті өнім берушінің атасы БСН (ЖСН) / ТЕН	Күжаттың атасы	Болу белгісі
---	---	----------------	--------------

Ескерту:

\* Егер бірнеше тапсырыс беруші болса, тапсырыс беруші туралы мәлімет көрсетілмейді.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есеп нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс үйымдарда білім алушыларды тамактандыруды үйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамкорлығының қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алғышын балаларды тамактандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына  
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

**Конкурстың құжаттама жобасын алдын ала талқылау хаттamasы**

Конкурстың № \_\_\_\_\_

Конкурстың атасы \_\_\_\_\_

Конкурстық құжаттама жобасына ескертулерді, сондай-ақ конкурстық құжаттама ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды қабылдау мерзімі \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Конкурстық құжаттама жобасына ескерту(лер), сондай-ақ конкурстық құжаттама ережелерін түсіндіру туралы сұрау(лар) мынадай шешім(дер) қабылданған өнім беруші(лер)ге жіберілген:

№	Әлеуетті өнім берушінің БСН (БСН)/ БСН/ТЕН	Өтініш түрпаты түсіндіру туралы ескерту, сұрау салу)	(Өтініш мәтіні	Түсіндіру туралы ескертуді, сұрау салуды жіберу күні мен уақыты	Шешім қабылданды	Ауытқу себебі, түсіндіру мәтіні
---	--	--	----------------	---	------------------	---------------------------------

Осы конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер осы хаттаманы және бекітілген конкурстық құжаттама мәтінін веб-порталда орналастыру сәтінен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей қабылданады

Конкурстық комиссияның төрағасы

Т.А.Ә. қолы

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Мемлекеттік орта білім беру үйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алғышын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына 6-қосымша Нысан

**Конкурс қорытындылары туралы хаттама**

Ескеरту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-агарту министрінің м.а. 31.07.2025 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(күні мен уақыты)

Тапсырыс беруші\*

Конкурстың №

Конкурстың атауы

Ұйымдастырушының атауы

Ұйымдастырушының мекенжайы

Конкурстың комиссияның құрамы:

№	Т.А.Ә.	Лауазымы, жұмыс орны	Комиссиядағы рөлі
---	--------	----------------------	-------------------

Жалпы сомасын көрсете отырып, сатып алынатын қызметтердің немесе тауарлардың

тізбесі

№ р/с	Лот №	Лоттың атауы	Саны	Бірлік бағасы	Бөлінген сома, теңге
-------	-------	--------------	------	---------------	----------------------

Лот №

Лоттың атауы

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылған өтінімдер (лот) туралы ақпарат (хронология бойынша): (өтінім саны)

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ТЕН	Өтінімді ұсыну күні мен уақыты (хронология бойынша)
---	-------------------------------	-----------------	---

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қарау кезінде мынадай құжаттар сұралды (осы Қағидаларға сәйкес сұраулар болған жағдайда толтырылады):

№ р/с	Сұрау жіберілген ұйымның/адамның аты	Сұрау жіберілген күн	Сұраудың қысқаша сипаттамасы	Сұрауға жауап беру күні
-------	--------------------------------------	----------------------	------------------------------	-------------------------

Конкурстың комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері:

№ р/с	Әлеуетті өнім берушінің атауы (әлеуетті өнім берушілердің тізбесі), БСН (ЖСН) / ТЕН		
Комиссия мүшесінің Т.А.Ә.	Комиссия мүшесінің шешімі	Бас тарту себебі	Мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып, олардың біліктілік талаптарына және конкурстың құжаттама талаптарына сәйкес еместігін растайтын бас тарту себептерін нақты көрсету

Конкурсқа қатысуға жіберілмеген өтінімдер (өтінімдер саны):

--	--	--	--

№ р/с	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ТЕН	Бас тарту себебі
-------	-------------------------------	-----------------	------------------

### Мынадай өтінімдер конкурсқа қатысуға жіберілді (өтінім саны):

№ р/с	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ТЕН
-------	-------------------------------	-----------------

Осы Қағидаларда көрсетілген өлшемшарттарды осы конкурсқа қатысуға ұсынылған конкурсқа қатысуға арналған барлық өтінімдерге қолдану нәтижелері туралы ақпарат:

қызметтерді жеткізу шілерге:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ТЕН	Өлшемшарттар	
			Тиісті аймақта өткен 7 жылдағы қызмет көрсету нарығындағы жұмыс тәжірибесі	Мемлекеттік білім беру үйімдарының білім алушылары м е н тәрбиеленушілерін тамактандыруды үйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесі
			Басқа қоғамдық тамактану объектілерінде тамактандыруды үйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесі	

### Кестенің жалғасы

Аспаз біліктілігін бере отырып, орта арнайы білімі (2007 жылғы 27 шілдеге дейін білімі туралы құжатты алған жағдайда) немесе техникалық және көсіптік, жоғары білімі бар аспаздың (қоғамдық тамактандыру саласында) болуы	Диетология саласында медициналық білімі және біліктілігі және (немесе диетология саласында біліктілігін арттырудан (қайта даярлаудан) өткен медициналық білімі бар диетологтың немесе диеталық бикениң болуы	Аспаз өтілі	Қоғамдық тамактану саласында жоғары, орта - техникалық білімі бар технологтың немесе техник – технологтың болуы
---	--	-------------	---

тауарларды жеткізу шілерге:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ТЕН	Өлшемшарттар		
			Тиісті аймақта конкурстың мәні болып табылатын нарығындағы өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі	Конкурстың (лоттың) мәні болып табылатын казакстанда шығарылған тауарды өндірушінің мәртебесін раставтың құжаттың болуы	Азық-тұлікті арнайы автокөлікпен жеткізу шарттары

Конкурсқа қатысушылардың балдарын есептеу:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ТЕН	Өлшемшарттар бойынша жалпы балл	Өлшемшарттар бойынша жұмыс тәжірибесі	Өтінім беру күні мен уақыты

3. Конкурстың комиссия өлшемшарттарға сәйкес қарастыру нәтижелері бойынша ашық дауыс беру жолымен былай деп шешті:

1) конкурстың (лоттың) жеңімпазы \_\_\_\_\_ (конкурсқа қатысушының атауы мен орналасқан жерін, сондай-ақ ол жеңімпаз деп танылған жағдайларды көрсету),

екінші орын иегері \_\_\_\_\_ (конкурсқа қатысушының атауы мен орналасқан жерін көрсету) деп танылсын;

үшінші орын иегері \_\_\_\_\_ (конкурсқа қатысушының атауы мен орналасқан жерін көрсету) деп танылсын;

төртінші орын иегері \_\_\_\_\_ (конкурсқа қатысушының атауы мен орналасқан жерін көрсету) деп танылсын;

және т.б. \_\_\_\_\_;

2) Конкурстың тапсырыс берушісі \_\_\_\_\_ (атауын және орналасқан жерін көрсету) \_\_\_\_\_-мен (конкурс жеңімпазының атауын көрсету) осы Қағидаларда белгіленген мерзімде орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленушілер мен білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету немесе тауарлар жеткізу туралы шарт жасассын

Не:

\_\_\_\_\_ конкурс (лот) өткізілмеді деп танылсын (конкурстың атауын және конкурсты (лотты) өткізілмеді деп тану себебін көрсету)

Не:

Мынадай негізде конкурс (лот) өткізілмеді: Уәкілетті мемлекеттік органдардың актілері (нұсқама, хабарлама, ұсыныс, шешім) \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" № \_\_\_\_.

Болдырмау туралы шешім қабылдаған орган: (\_\_\_\_\_).

Не:

Осы Қағидаларға сәйкес көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды сатып алудың жылдық жоспарында көзделмеген көрсетілетін қызметтерді, тауарларды сатып алу бойынша конкурстан (лоттан) бас тартылды.

Ескерту:

\* Егер бірнеше тапсырыс беруші болса, тапсырыс беруші туралы мәлімет көрсетілмейді.

Аббревиатураудардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру номірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру номірі;

ТЕН – төлеушінің есеп номірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

және кәсіптік, орта білімнен  
кейінгі білім беру үйымдарында,  
косымша білім беретін  
мектептен тыс үйымдарда білім  
алушыларды тамақтандыруды  
ұйымдастыру, сондай-ақ  
мемлекеттік мектепке дейінгі  
үйымдарда, жетім балалар мен  
ата-анасының қамкорлығының  
қалған балаларға арналған білім  
беру үйымдарында  
тәрбиеленетін және білім алатын  
балаларды тамақтандыруды  
қамтамасыз етуге байланысты  
тауарларды сатып алу  
қағидаларына  
7-косымша

**Ескерту. 7-косымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

Нысан

**Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңға сәйкес тамақтандыруды үйымдастыру бойынша қызметтерді сатып алу қажеттілігі туралы өтінім**

---

(білім беру үйымының немесе білім беруді басқару органының атауы, пошталық және электрондық мекенжайы)

жетіспейтін жабдықтарды сатып алуға және/немесе асхананың барлық тозған жабдықтарын жаңа жабдыққа ауыстыруға қажеттілік бар екенін хабарлайды, осыған байланысты Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңға сәйкес білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алады жүзеге асыруды сұрайды.

Күні

Білім беру үйымының басшының қолы \_\_\_\_\_ М. О.

(тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), лауазымын көрсету).

Мемлекеттік орта, техникалық  
және кәсіптік, орта білімнен  
кейінгі білім беру үйымдарында,  
косымша білім беретін  
мектептен тыс үйымдарда білім  
алушыларды тамақтандыруды  
ұйымдастыру, сондай-ақ  
мемлекеттік мектепке дейінгі  
үйымдарда, жетім балалар мен  
ата-анасының қамкорлығының  
қалған балаларға арналған білім  
беру үйымдарында

тәрбиеленетін және білім алатын  
балаларды тамақтандыруды  
қамтамасыз етуге байланысты  
тауарларды сатып алу  
қағидаларына  
8-қосымша

Ескерту. 8-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

## Қатысуға шақыру

Күрметті қатысушы (әлеуетті өнім берушінің атауы).

Сіз веб-портал арқылы мемлекеттік орта білім беру үйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамкорлығының қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды үйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алуға қатысуға (шақыру №, шақыру атауы) шақырылдыңыз.

Шақыруды қарau үшін сілтеме (шақыруға сілтеме) бойынша жүріңіз.

Егер жоғарыда көрсетілген сілтеме ашылмаса, оны алмасу буферіне көшіріп алыңыз да браузердің мекенжай жолына қойыңыз және "Енгізу" басыңыз.

Мемлекеттік орта, техникалық  
және кәсіптік, орта білімнен  
кейінгі білім беру үйымдарында,  
қосымша білім беретін  
мектептен тыс үйымдарда білім  
алушыларды тамақтандыруды  
үйымдастыру, сондай-ақ  
мемлекеттік мектепке дейінгі  
үйымдарда, жетім балалар мен  
ата-анасының қамкорлығының қалған балаларға арналған білім  
беру үйымдарында  
тәрбиеленетін және білім алатын  
балаларды тамақтандыруды  
қамтамасыз етуге байланысты  
тауарларды сатып алу  
қағидаларына  
9-қосымша

Ескерту. 9-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

Тауар(лар)ды қабылдау-тапсыру актісі

№ " " 20 ж.

Құжаттың нөмірі\* қол қою күні \*

(тапсырыс беруші актінің қабылдаған күнін және уақытын тіркейді)

Осы акт төменде қол қойылған Өнім берішінің атынан \_\_\_\_\_, (Өнім беруші) берілгені, ал (Өнім берушінің атауы\*) 20 \_\_ жылғы " " № \_\_\_\_\_ шартқа (және қосымша келісімге) (шарттың (және қосымша келісімнің) атауы, күні және нөмірі\*) сәйкес тапсырыс берушінің өкілі атынан \_\_\_\_\_ (Тапсырыс беруші)

(Тапсырыс берушінің атауы\*) қабылдағаны жөнінде жасалды:

Тауар туралы мәліметтер\*\*

№	Тауарды беру орны	Тауардың атауы	Номенклатуралық (зауыттық) нөмірі (болжағайда)	Өлшем бірлігі	Саны	Әр бірлік үшін баға (тенге), оның ішінде ҚҚС/ҚҚС есепке алмағанда	Сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7	
1							

Шартқа сәйкес осы акт бойынша тауар(лар)дың құны \_\_\_\_\_ (цифрамен, әріппен жазылады) теңгені құрайды, оның ішінде ҚҚС/ҚҚС есепке алмағанда \*\*,

Өнім берішінің атауы*	ЖСН/ БСН*	ЖСК/ БСК*	Банк*	Занды мекенжайы*	Өнім берішінің өкілдері **		Бекітемін **	
					Т.А.Ә ., лауазымы	колы	Т.А.Ә., лауазымы	колы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Шарт бойынша ақпарат\*\*\*

Жалпы мәлімет											
1	Шарттың жалпы құны*	Аванс тық төлемдер сомасы ***	Шарттың қолданылуы нан бастан төлем сомасы***	Бұрын актілен гендердің сомасы** *	Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп не міндеттемелерін тиісінше орындамағаны (ішінара орындамағаны) үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасы***	Мерзімі өткен күндердің саны***					
	1	2	3	4	5	6					
2	Шығыстардың бірынғай бюджеттік сыныптарасының коды: Бағдарлама/Кіші бағдарлама/Ерекшелік***										
3	Осы акт бойынша өнім беруші жүргізген нақты шығыстар ***										
	Тауардың атауы*	Өлшем бірлігі*	Саны*		Әр бірлік үшін баға, теңге*	Сома, теңге*					
	1	2	3	4		5					

1					
...					
4	Өнім берушіге аудару талап етілетін сома ***				

Қосымша: құжаттардың электрондық көшірмелерінің тізбесі (болған жағдайда өнім беруші/тапсырыс беруші тіркеп отырады)

Тапсыр ы с берушін ің атауы *	ЖСН/ БСН*	ЖСК/ БСК*	Банк*	Занды мекенжа йы***	Тапсырыс берушінің өкілдері***				Бекітемін*** ( ұйымның басшысы)	
					Тауарлар кабылдау үшін жауапты		Ресімдеудің дұрыстығына жауапты деректемелер, ерекшеліктер)			
					Т.А.Ә.	қолы	Т.А.Ә.	қолы	Т.А.Ә.	қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Ескертпе:

\* веб-порталда автоматты түрде толтырылады;

\*\* өнім беруші толтырады;

\*\*\* тапсырыс беруші толтырады.

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есепке алу нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Мемлекеттік орта, техникалық  
және кәсіптік, орта білімнен  
кейінгі білім беру ұйымдарында,  
қосымша білім беретін  
мектептен тыс ұйымдарда білім  
алушыларды тамактандыруды  
ұйымдастыру, сондай-ақ  
мемлекеттік мектепке дейінгі  
ұйымдарда, жетім балалар мен  
ата-анасының камкорлығының  
қалған балаларға арналған білім  
беру ұйымдарында  
тәрбиленетін және білім алғышын  
балаларды тамактандыруды  
қамтамасыз етуге байланысты  
тауарларды сатып алу  
қағидаларына  
10-қосымша

Ескерту. 10-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - КР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

## Көрсетілген қызмет актісі

№ " " 20 ж.

## Күжаттың нөмірі\* қол қою күні \*

(тапсырыс беруші актінің қабылдаған күнін және уақытын тіркейді)

Осы акті төменде қол қойылған Өнім берішінің атынан \_\_\_\_\_, (Өнім беруші) орындалуы, ал (Өнім берушінің атауы\*) 20 \_\_ жылғы "\_\_\_" № \_\_\_\_ шартқа (және қосымша келісімге) (шарттың (және қосымша келісімнің) атауы, \_\_\_\_\_\*) үйрек берілді.

күні және нөмірг.) сейкес Тапсырыс берушінің өкілі атынан \_\_\_\_\_  
(Тапсырыс беруші) (Тапсырыс берушінің атасы\*) кабылдаганы үкімде жасалды.

Көрсетілген күнамет тұрады мәдімттер\*\*

Көрсетілген қызмет туралы мәліметтер**					
№	Қызмет көрсетеу орны	Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Әр бірлік үшін баға (теңге), оның ішінде ҚҚС/ҚҚС есепке алмағанда
	1	2	3	4	5
1					

Шартқа сәйкес осы акт бойынша көрсетілген қызметтердің құны \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (цифмен, әріппен жазылады) теңгені құрайды, оның ішінде ҚҚС/ҚҚС есепке  
алмағанда\*\*.

Өнім берішін ің атаяу*	ЖСН/БСН*	ЖСК/БСК*	Банк*	З а н д ы мекенжайы*	Өнім берішінің өкілдері **		Бекітемін **	
					Т.А.Ә., лауазы мы	колы	Т.А.Ә., лауазымы	колы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

## Шарт бойынша акпарат\*\*\*

Жалпы мәлімет						
1	Шарттың жалпы күні *	Аванстың төлемдеп сомасы ***	Шарттың колданылуынаң бастап төлем сомасы ***	Бұрын актіленгендердің сомасы***	Көрсетілген қызмет мерзімін өткізіп не міндеттемелерін тиісінше орындаған (ішінара орындаған) үшін тұрақсызық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасы***	Мерзімі өткен күндердің саны***
1	2	3	4	5	6	

2	Шығыстардың бірынгай бюджеттік сыныптамасының коды: Бағдарлама/Кіші бағдарлама/Ерекшелік***					
3	Осы акті бойынша іс жүзінде көрсетілген қызметтер***					
	Қызмет тің атауы*	Қызмет көрсету күні/кезеңі	Өлшем бірлігі*	Саны*	Әр бірлік үшін баға, теңге*	Сома, теңге*
	1	2	3	4	5	6
1						
...						
4	Өнім берушіге аудару талап етілетін сома***					

Қосымшасы: құжаттардың электрондық көшірмелерінің тізбесі (болған жағдайда өнім беруші/тапсырыс беруші тіркең отырады)

Тапсырь с берішінің атауы*	ЖСН/ БСН*	ЖСК/ БСК*	Банк*	Занды мекенжайы ***	Тапсырыс берушінің өкілдері***		Бекітемін*** (ұйымның басшысы)			
					Кызмет қабылдау үшін жауапты	Ресімдеудің дұрыстығына жауапты деректемелер, ерекшеліктер)	Т.А.Ә.	қолы	Т.А.Ә.	қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Ескертпе:

- \* мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде толтырылады;
- \*\* өнім беруші толтырады;
- \*\*\* тапсырыс беруші толтырады.

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есепке алу нөмірі;

КҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).